

П И О Н Е Р



СЕНТЯБРЬ

1954 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 9

Жалықпай табанды оқыңдар!

Ә. Сембаев,

Қазақ ССР Оқу Министрі.


Қазақстанның мектеп оқушылары, сіздер, ұзақ жазғы демалыстан кейін, жаңа ынта, жігермен тағы да өздеріңнің оқуларыңызға кірісесіздер. Сіздердің әр қайсыңызға жаңа оқу жылында ғылым негіздерінің әлі де көптеген зерттелмеген, талданбаған жаңа тарауларын игерулеріңізге тура келеді. Біздің еліміз коммунизм құрып жатыр: мыңдаған жаңа заводтар, электр станциялары салынууда, жаңа каналдар қазылуда, миллиондаған гектар тың және тыңайған жер игерілуде, еліміз атом қуатын бейбіт өмір мүддесіне пайдалануға кірісті—атом қуатымен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш электр станция бізде салынды, онан да гөрі анағұрлым қуатты жаңа электр станциялар құрылысын бастадық. Күшті және аса үздік жаңа техникамен жабдықталған өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымыз сауатты және мамандығы жоғары қызметкерлер талап етеді. Барған сайын үсті-үстіне жетілдірілген машиналарды игеру үшін математиканы, физиканы, химияны тағы өзге де пәндерді жақсы білу керек. Білімсіз техниканы игере алмайсың. Сондықтан мектеп программасының барлық курсың жақсы, үздік үлгіруге жету керек. Олай оқуға енді жеңілдік бар, быйыл сіздер қысқартылған жаңа программа бойынша оқыйсыздар. Мұның өзі сіздерден сабақты

зейін қойып байсалды оқуды талап етеді.

Совет оқушысы тек білімді ғана емес, онымен қоса тәртіпті, тәрбиелі де болуға тиіс. Мектепте сабақ кезінде және онан тыс жерлерде де тәртіп күшті болмаса жақсы, үздік оқу да болмақ емес. Қала мектептерінде жаңа оқу жылынан бастап ұлдар мен қыздар бірге оқылатын болды. Ұл балалар қыз балаларды қадірлеуге, сабақта да, үйірме жұмыстарында да дос болып, тәртіпті жақсы нығайта беру үшін бір біріне көмек көрсетуге тиіс. Әр оқушының тәртіпті болуы, сабақты жақсы оқуы үшін күресу, мектеп мұғалімдерінің оқушылар ережесін бұзушылықтың қандай түрімен болса да күрес жүргізуіне көмектесу, мектеп мүлкін бұлдірушілікке төзбеуге үйрету, мектепте, үйде, қоғамдық орындарда өнегелі болуға баулу,—міне Қазақстан мектептеріндегі пионер ұйымдарының міндеттері осылар болып табылады.

Алдымыздағы оқу жылында политехникалық оқуға зор көңіл бөлінбек. Әрбір оқушының барлық тәжірибе, лаборатория жұмыстарын орындауына, жаңа программа бойынша талап етілетін жаттығу шеберліктерін игеруге жетуіміз керек.

Барлық пионерлер мен мектеп оқушыларының ғылым негізін игеруде, қоғам жұмысын жүргізуде табыстарға жете беруіне тілектеспін.



Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!



Айына бір рет шығады.

ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 9

СЕНТЯБРЬ

1954 жыл.

Шығуына 16 жыл.



I кластың оқушылары.

Фотоэтиюд П. Редьконікі.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІ

Осы жылы сентябрь айында Қазақстан Совет Жазушыларының ІІІ съезі ашылды. Съезд қазақ совет әдебиетінің ІІ съезден бергі уақыттағы өткен жолына қорытынды жасап, алдағы міндеттерді белгілейді.

Қазақстан жазушыларының съезі аса бір тарихи күндерде, бүкіл еліміз коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін жүзеге асыруға жаппай жұмылған кезде өтейін деп отыр. Қазір біздің елімізде ауыр өндірісті бұрынғыдан да әрі дамыта беру, ауыл шаруашылығын өркендету, халықтың мәдени тұрмысын көтеру, халық тұтынатын өндіріс товарлары молшылығын жасау міндеттері іске асырылуда. Коммунистік партия мен Совет Үкіметі өзінің бүкіл жұмысын совет адамына — жаңа өмірді жасаушы еңбекші халыққа қамқорлық жасау ісіне бағыттауда. Осы бір тарихи күндерде совет әдебиетінің рөлі де шексіз арта түседі. Бүкіл адамзаттың бақыты жолындағы күрескер, социалистік гуманизм әдебиеті — совет әдебиеті халқымыздың өскен тілек-талабына сай, жоғарғы идеялы, сапалы шығармалар беруге тиіс.

Қазақстан жазушыларының екінші съезінен бергі он бес жыл, негізінен, қазақ совет әдебиетінің қалыптасып, өсіп, шыныққан дәуірі болды. Бұл кезеңде қазақ әдебиеті түрі ұлтық, мазмұны социалистік жаңа мәдениетіміздің бір саласы есебінде жедел өркендеп дамыды. Бүкілодақтық жазушылар ұйымының 1948 жылдың декабрь айында болған XII пленумында ССРО совет жазушылары одағы басқармасының председателі А. Фадеев жолдас қазақ әдебиетін — қазір бойы еркін өскен, шындалып жеткен, бүкілодақтық, соның арқасында жержүзілік маңызға ие болған әдебиет — деп көрсетті.

Екі съезд аралығы қазақ совет әдебиеті үшін жаңа өрлеу жылдары болды. Бұл жаңа өрлеу сапарындағы біздің қазақ совет әдебиетінің елеулі және басты жетістігі — ақын-жазушыларымыздың социалистік өмір шындығын, советтік еңбек адамын, қаһарман халқымыздың қазіргі дәуірдегі таңғажайып ерлік істерін жазуға қауырт бет бұруы болып табылады. Қазақ жазушылары социалистік реализм әдісін бұрынғыдан да еркін меңгеріп, күрделі шығармалар бере бастады. Коммунистік Партияның басшы-

лығы арқасында әдебиетіміз қателіктер мен кемшіліктерден, идеясыздықтар мен ұлтшылдықтардан арылып, идеялық жағынан шынықты. Коммунистік Партия Орталық Комитетінің идеология жөніндегі қаулылары — әдебиетімізді өркендетудің айбынды программасы болды.

Екі съезд аралығындағы әдебиетіміздің табыстарын қорытындылағанда оқушының көзіне ерекше түсетін — проза жанрының өсуі. Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы дәуірде әдебиетімізде аздап қана көрінгенмен, іргесін берік теппеген бұл жанрдың еркін өркендеген кезі — совет өкіметі жылдары, әсіресе, оның ішінде, 1939 жыл мен 1954 жыл аралығы болды. Қазіргі әдебиетіміздің елеулі табыстарына саналатын М. Әуезовтың «Абай», С. Мұқановтың «Сырдария», Ғ. Мүсреповтың «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды», Ғ. Слановтың «Шалқар» атты романдары — осы дәуірдің жемістері. Бұл романдардың әрқайсы біздің алуан түрлі өміріміздің — советтік шындықтың әр саласын көрсетеді. Орыс және қазақ халықтарының ежелден келе жатқан тарихи достығын көрсететін М. Әуезовтың «Абай» романы 1949 жылы Сталиндік сыйлық алды. «Қазақ солдаты» Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың ерлік істерін баяндаса, «Шығанақ», «Миллионер», «Шалқар» қазіргі гүлденген колхоз өмірін көрсетеді. «Сырдария» романында соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жылдарда Сырдария өзенінің жағасындағы канал құрылысы жайы суреттеледі. «Оянған өлке», «Қарағанды» романдары Қазақстанда жұмысшы табының туу, қалыптасу, өсу жолдарын көрсетуге арналған.

Соңғы жылдары қазақ прозасына талантты жас жазушылар тобы келіп қосылды. Олар кілең жаңа тақырыпқа жазуда. Олардың ішінен Ә. Нұрпейісовтың «Курляндия», С. Шаймерденовтың «Болашаққа жол» романдары мен М. Иманжановтың «Алғашқы айлар» повесін атап айтуға болады.

Классикалық поэзияның және қазіргі замандағы алдыңғы қатарлы орыс поэзиясының әсерімен қазақ ақындары советтік тақырыпқа арналған көптеген тамаша өлеңдермен қатар ондаған поэмалар жазды.





Қазақстан жазушыларының бір тобы. Солдан оңға қарай (отырғандар): Ә. Сәрсенбаев, С. Мұқанов, М. Әуезов, Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин, (түрегеп тұрғандар): Ә. Әбішев, С. Омаров, Ф. Орманов, Х. Ерғалиев. Суретті түсірген П. Редько.

Т. Жароковтың «Жапанды орман жаңғырты», «Қырда туған құрыш» поэмалары, Ж. Саинның «Партизан жырлары», Ф. Ормановтың лирикалық өлеңдері, Х. Ерғалиевтың «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің ауылдың қызы», «Сенің өзенің» атты поэмалары — қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті шығармаларының қатарына жатады. Соңғы жылдары қазақ поэзиясының тақырыбы кең ұлғайды. Бұрын ақындарымыз жергілікті тақырыптарды көбірек жазумен шұғылданып келсе, қазір қазақ ақындары заманымыздың аса маңызды тақырыптарын игерді. Олар совет азаматының мақтанышы, бейбітшілікті қорғау, достық интернационализм, жаңа демократиялық елдер жайлы жазатын болды.

СОКП Орталық Комитетінің идеология жөніндегі қаулыларынан кейін қазақ драматургтері де реалистік шығармалар жазуға бет бұрды. Ә. Әбішев «Достық пен махаббат», «Бір семья», «Әке үкімі», Ф. Мүсірепов «Аманкелді», Ш. Хұсайнов «Көктем желі», Ә. Тәжібаев «Гүлден, дала» пьесаларын жазды.

Қазақстан жазушыларының екінші съезінен бергі уақыт қазақ балалар әдебиетінің туып, жасала бастаған дәуірі болды. Біздің республикамызда балаларға арналған әдебиет, әсіресе, Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде жедел өркендеді. Осы жылдары


туған Ә. Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» романы, Б. Соқпақбаевтың «Алыстағы ауылда», С. Сарғасқаевтың «Бір отрядта», Н. Фабдуллиннің «Алғашқы сапар», С. Бегалиннің «Сатжан» повестері қазақ балаларының сүйіп оқыйтын кітаптарына айналды.

Екі съезд арасында қазақ совет әдебиеті орыс және дүниежүзі әдебиеттерінің көрнекті шығармаларын, туысқан республика жазушыларының таңдаулы кітаптарын аудару арқылы өз қазынасын мейлінше байытты. ССРО халықтары әдебиеті арасындағы осындай творчестволық байланыс қазақ әдебиетінің өркендеуіне, жазушыларымыздың шеберлік дәрежесінің артуына үлкен көмек жасады. Оның үстіне 1949 жылы май айында Москвада қазақ совет әдебиетінің онкүндігі өткізілді. Бұл онкүндік, ең алдымен, Коммунистік партияның, ұлы орыс халқының қазақ әдебиетінің өсуіне ерекше назар аударып отырғанын сыпаттады. Қазақ әдебиетінің Москва жұртшылығы алдында, сол арқылы Одақ алдында салтанатты есеп беруі — оның еңсесі биік, тұлғалы әдебиетке айналғандығын танытты.

Қазақстан совет жазушыларының алдында орасан зор міндеттер тұр. Бұл міндеттер тың және тыңайған жерлерді игеру мен елімізде астық молшылығын жасау жолындағы Қазақстан еңбекшілерінің патриоттық істерімен тығыз байланысты.

Сәуленің жаңа достары

Сансызбай Сарғасқиев.



Повестен үзінді

Екі апта бойы әзірлеген жыйын сәтсіз болды. Өтті, әйтседе, Сәуленің көңіліне қаяу салып кетті. Оның үстіне Қайсар жыйынға келмеді. Ол олай тұрсын, Жамал Төлендиновнаның да ашық жүзінде кейіс тұрды. Күткенім бұл емес еді дегендей. Ашық айтпаса да, сәл шытынды қабақпен білдіреді. Бар айтқаны жыйын тарқаған кезде:

— Сәуле жыйының қызықты болмады ғой,— деп баяу ғана бір сөз тастады...

— Бұл алғашқы жыйынымыз ғой..

— Дегенмен, ойланғайсың. Мұндай жыйынның қаншама пайдасы бар...

Жыйынның жақсы өтпеген мәнісін өзін шеш, ойлан деп кетті ол кісі. Риза болмай кетті. Сәуле қысыла түскен сайын кінәні де Қайсарға арта түседі. Бәрі соның кесірі... «ол тәртіп бұзды... шарбақ сындырды, класта төбелесті, жыйынға келмеді...»

Әлденеге назаланып Әлім жүр. Жыйын бітіп, пионерлер тарап кетсе де, отырып қалған Сәуленің қасынан айналшықтап шықпайды. Стол үстінде қағаздарды сапырылыстырып жіберген... Күйіп-пісіп бір нәрсеге реніш білдіреді. Сәуленің қасына бір-екі келгенмен, қаймыққандай, бата алмай алыстан орағытады. Енді әдейі естісін дегендей даусын шығарыңқырай күнкілдейді.

Жалғасы. Басы өткен номерде.

— Осы жұрт қызық. Жоспар бос қағаз дей ме, сірә... жоспарланды екен, неге орындамайды?... прямо безобразие... күніне талай газетті ақтарып көшіріп жазасың... Ал, оларға ұнамайды... неге ұнамайды, ә?... Интересно, прямо интересно... Білмейді, білгеннен үйренбейді.

— Ол не? — деді Сәуле енді Әлімге қарап.

— Әлгі балаларды айтамын... Әдемі жоспарды бұлдіріп.

Әлім түксиіп, қалың қабағы жыйырылып, даусын көтере айтты.

Сәуле ауыр ойының тағы бір талшығын қозғап, жабырқата түскен бұл сөзге қатқыл ғана, шырайсыз үн қатты.

— Бұлай жұмыс істеп болмас.

Орнынан осылай тұрып сыртқа беттеді. Бажырая қарап қалған Әлім естіген сөзіне сенер-сенбесін білмегендей. Вожатый есіктен шығып кеткенде ғана екі иығын қозғалаң еткізіп, қағаздарды сумкасына тыға бастады.

Сәуле өз мінезіндегі олқылығын аңғармай барады. Көңіл сейілтіп жадыратқан жақсы істердің бәрін олақ топшылаумен бүркеп тастады. Жыйында неге сөйлемеді,— деп балаларға ренжиді. Бар сұрауға жауапты осы арадан түртінеді. Таба алмайды. Тағы да кінәні Қайсарға артады. «Әрине, жыйынға келмеді. Оған басқалар да ереді. Менің беделімді әдейі түсіргені бұл».

Сәуле ауыр оймен келді үйге. Келді де, қызық жайға тап болды.

Ол былай еді...

...Жыйында өзі сөйлегеніне мәз болған Керден, ешнәрсемен шаруасы болған жоқ. «Вожатый маған енді риза болды. Енді тағы да қуантайын» деп ойлады ол. Есіне энеүкүнгі альбом жасауды алғаны түсті. Әлім «қашан бітіресің» деп бір-екі рет ескерткен де. Міне, енді үйге келе салысымен іске кірісті. Магазиннен әдейі алған альбом қағазына әр жерден жыртқан суреттерді жапсыра бастады. «Бұл суреттерді көрсе, Әушен секілділер қызығар» — деп мақтанып қойды

ішінен. «Біліп қойса» деген күдік келіп еді. «Қайдан біледі? Білдірмей жырттым ғой бәрін» деп өзін-өзі жұбатты.

Альбомды газетпен орап, қолтығына қысып, көшеге шықты. «Сұлутөрдiң» қар шалған өр шоқысын қарасұр бұлт орай қалған. Ызғар лебі еседі. Кейде бұлт арасынан қылаң етіп көріне қалған күн сәулесі алақандай жерді біразға дейін ағартып тұрады да, ол да баяу жылжып қыр аса береді.

Керден еңкейіп қалған күнмен жарысқандай асығып келеді. Ол әлгінде үйден шыққанда-ақ Сәуленің үйіне баруды ойлаған. Мектептің жанына келгенде бұрылайын деп бір оқталды да, кәзір үйінде шығар деп іркілмей тартқан.

Есікті Сәуленің сінлісі ашты. Таңқы мұрны сәл көтерілген, сары қыз. Сәулеге бадырайған көзі болмаса ұқсамайды.

— Сәуле апай үйде ме екен? — деген Керденге:

— Кәзір келеді. Үйге кір, — деп көптен таныстай-ақ еркін сөйледі.

Керден қағазға оралған альбомды столдың бұрышына қойып, шеткерірек отырды.

— Мынау не, ә? — деп қыз альбомды қолымен нұқыды.

— Әншейін, альбом ғой.

— Альбом ба? Кәне, көрейікші, — деді әлгі қыз жатырқамай, еркін сөйлеп.

— Мен сізді білемін... Сізді түнеукүні жауын жауғанда көргенмін. Ана бала досыңыз ғой, ә... жақсы екен... менің суымды әкеліп берді.

Қыздың Қайсарды мақтағанын Керден ұнатпай қалды.

Осы кезде сыртқы есік ашылғандай болды.

— Алақай, келді! — деп қыз есікке ұмтылды.

Керден альбомды жаба салып қолтығына қысты да, состыйып тұрып қалды.

Сәуле бөлмеге кіріп:

— Е, Керден екен ғой... Неғып тұрсын? Отыр...

— Сізге альбомымды көрсетейін деп ем, — деді Керден қысыла сөйлеп.

Сәуле альбомның әрбір суретін қарап шығып, басын көтерді де:

— Суреттерінің сөзін неге жазбадың? — деп сұрады.

— Ұмытып кетіппін. Ол оңай, жазамын ғой, — деді Керден күмілжіп.

Керденнің келу мәнісін іштей болжады Сәуле. Келгеніне куанды. Альбомның асығыс жасалғанын, көп жерінде белгілі жүйе

жоқтығын көрді. Сонда да үндеген жоқ. Басын изеп қоштап отырды. Мұны көрген сайын Керден де еркін көсіле сөйледі. Өзімдігі көп, өзегі жоқ сөздер.

— Мына бір суретті өзім әрең таптым. Қайсарда бар екен, бермей қойды, — деп Керден жайрандап, қолы жып-жып етіп альбом бетін аша түседі.

— Я ол өзі қайда қазір?

...Қайсар жыйынға келмейін деген жоқты. Сабактан шығысымен ойда жоқта 5-кластағы Алданмен кездесті. Баяғы өзі шекісетін бала. Соңғы күндері татуласып кеткен еді. Алдан Қайсарға қолын беріп:

— Кәзір менімен бірге барасың ба — деді күлімдеп.

— Қайда?

— Оны баратын болсаң ғана айтамын.


— Тез ораламыз ба?

— Әрине.

Жол үстінде ғана Алдан колхоздың тәжірибе участогіне баратынын айтты.

— Бізде жас мичуриншілер үйірмесі ашылды. Байқайсың ба, ботаника қызық пән екен өзі. Әр өсімдіктің өмірін айтқанда, бұрын неге білмедім дейсің. Бәрінің де пайдасы бар екен. Ал, ең қызығы бар ғой, жаңа өсімдік өсіру.

Тәжірибе участогінің бар екенін Қайсар да естіген. Әлі күнге көрген емес-ті. Сондықтан да тез көруге асықты. Оның үстіне Алдан-



ның сөзі үлкен бір жұмбақ дүниені көз алдына әкеледі. «Шіркін, тезірек білсе». Мына, жол бойындағы қураған тақыр шөптердің өзі де менің сырым мол деп сыбдыр қаққандай.

— Қайсар, тәжірибе участогіндегі өсімдік түрлерін көрсейші сен. Бәрі де өседі екен ғой бұл жерде. Тек соны ұқыптылықпен өсіру керек. Су жоқ дей ме? Бәрі де бар. Көресің әлі, мен агроном боламын.

Қыял шарықтайды. Жылы, қуатты лебімен Қайсарды да алып барады, алып барады. Сезім жігері қанат бітіріп, ең даланың мол байлығын алдына әкеліп жайды. Еңбек етсең байлығым мұнан да мол дегендей. Мәлдір, сарқылмас қуаныш!

— Жүр кеттік, әсем жерге.

— Жүр! — деді Алдан да...

— Оны мен сабақтан соң көре алмадым, — деді Керден.

Сәуле үндемеді.

* * *

Сәуле осы күндері алысқа болжап, аумақты ойлауға үйреніп келе жатқандай. Әр ойды саралап, бір шешімге келген Сәуле ертеңгі болатын сабағына әзірленуге кірісті. Осы сәтте Роза да келді. Сабақ оқып отырған апасын көріп, аяғының ұшымен ептеп басып қайта шығып кетті. Ауызғы бөлмеде шешесіне балдырлап әлденелерді айтып жатты. Ертеңгісін ғана:

— Ана жақсы баламен қашан таныстырасың? — деп бір қыңқылдап қойды.

— Бүгін таныстырамын. Оны қайтсем де тауып аламын.

Бүгін 4-класта тағы да бір жағдай болды. Бұл — соңғы сабақтың қоңырауы шылдырлап, балалар енді үйге барамыз деген кезде басталды. Әлім партаның тартпасынан Керденнің әнеукүнгі альбомын суырып алып:

— Керден, қазір сенің альбомыңды көрейік, — деді.

Жақсы нәрсені көруге әркім-ақ таңсық. Біраз балалар шоғырланды. Бірін-бірі кимелей, арттағылар мойнын соза, кейбірі партаға шығып альбомға тесілді.

— Бере тұршы, Керден, мен де көрейін, — деді Әушен оның қасына келіп.

— Жоқ, көрсетпеймін, — деді Керден суреттерді бауырына тығып.

— Неге көрсетпейсің?

— Өзің әнеукүні кітабыңды көрсетпедің ғой.

— Қашан? Көр дегенде «керегі жоқ» деп кетіп қалмап па едің? Әуелі, сұрап алған кітабыңның суретін жыртыпсың, сонда да үндеген жоқпын ғой.

— Өтірік айтпа, — деді Керден қызарықтап.

— Мен бе өтірік айтып тұрған. Қарай көр, — деп өршеленді Әушен. — Тек, менің кітабымды емес, Қайсардың да кітабын жыртыпсың. Міне...

Әушен жүгіріп барып тартпадан кітапты суырып алды да бетін ашып, Керденнің иегіне тақап:

— Көрдің бе, мына арасын жыртыпсың. Қара!

Керден басын шайқап:

— Ол мен емеспін, — деді міз қақпай.

— Онда кім?

— Қайсардың өзі болар.

Екінші шетте еңкейіп кітаптарды сумкасына салып жатқан Қайсардың құлағы шалды мұны.

— Кімді айтасың? — деді асықпай Керденнің қасына келіп.

Керден Қайсарды кетіп қалды деп ойлап еді. Абайсызда тұтылғанына не дерін білмеді. Көзі жыпылықтап, міңгірледі.

— Ей, сен Қайсар сурет бермейді деп вожатыйға неге айттың онда? — деді Әлім. — Вот қызық!

— Мынаның бәрі кітаптың суреті ғой.

Балалар жамырап кетті. Керденде үн жоқ. Әлгі бір міңгірінен де айрылғандай.

Қайсар шыдай алмады. Керденнің иығынан ұстап алды да бетіне тесіле қарап:

— Солай ма? Кешегің анау, бүгінгің мынау. Күтпеген ем мен сенен. Аброй, класс дегенің осы ма!...

Керден үнсіз шегіне берді...


Қайсар тістене мырс етіп, кілт бұрылды да, есікті серпіп ашып шығып кетті.

— Әне, әне! — деген нәзік дауыс шалынды. Қараса құшағын жайып жүгіріп келе жатыр Роза. Қайсар да баспалдақтан жүгіре түсіп қарсы ұмтылды. Құшақтай алды.

— Міне жақсы аға! — деді Роза көзінде нұр ойнап.

Енді байқады Қайсар, дәл қасында Сәуле тұр. Мектеп алдында — бірге оқыйтын балалар. Арасында Жамал Төлендиновна. Ал, бір топ кішкентай балалар бақ арасында бұларға қарай қалған. Қайсар Розаны көтеріп алып соларға беттеді.

МҰҒАЛШИМА



Әңгіме.

Жанжалдың өзі жоқ жерде басталды. Жақан Шәкенмен келісе алмады. Қаншама құлағына құйғанмен Жақан өз ойын оған түсіндіре алмай-ақ қойды.

Пионер лагері тарасымен Жақан қалған күндерін тоғай ішінде өткізбек болды. Колхоздағы бір сыпыра балалар осыған келісті. Бірақ алғашқы күннің өзінен Шәкен шатақ шығарды да, бұл ойларын бұзуға тура келді.

— Маған тоғайдың түкке де керегі жоқ, — деді ол, — жаздай тоғайдың арасында жүргенбіз, сол да жетер бізге. Барсаңдар өздерің бара беріңдер, мен бармаймын.

— Сондағы ойың не, қалған күнін қайда өткізбексің?

— Егер менің айтқаным көнсендер, оншақты күнді осы колхоз маңында өткіземіз, суға түсеміз, балық аулаймыз, оқу басталғанша көп етіп гербарийлер жыйнаймыз...

Амал жоқ, Жақанның келісуіне тура келді. Тоғайдың ой-шұқырына дейін Шәкен жатқа біледі. Қалың ағашқа кіріп кетіп, компасыз-ақ ауылға жалғыз өзі қайтып келе

М. Дүзенов.

беретін. Тоғайға Шәкенсіз бару қызықсыз...

Балалар алғашқы күнді мектеп бағын аралап, өзенмен шектесіп жатқан зәулім шырша ағаштарының түбінде өткізді. Бұл жердің суы тым терең, тұңғұйық. Балалардың көбісі басқа жерге барып түсуді ұсынып еді, бірақ Шәкен осы ара жақсы деп қоймады.

Шәкен су бетіне төніп тұрған биік шыршаның басына өрмелеп шықты да, балаларға айғай салды:

— Әй, қараңдар міне, қараңдар! Қазір қалай секіргенімді көріп тұрыңдар! — Екі қолын алға созып, суға гүмп беріп, қойып кетті. Түскен жердің суы аспанға атылды. Балалар таңдана, демдерін іштеріне тартып, қарай қалысты. Әлден уақытта Шәкен өзен ортасынан сумаң етіп шыға келді. Шыққан бетінде құлашын кең ұрып, қайта жүзді...

— Енді сендер де осылай қарғып көріңдер, — деді Шәкен мақтанған түрмен жиекке шығып.

Балаларға оның ұсынысы ұнап кетті. Бәрі де жиекке шығып, шырша ағашының түбіне келді, кезекпен секірмекші болды. Бірінші кезек Жақанға тиді. Ол тайсалған жоқ. Бірден секіріп кетті. Қалғандар да секіріп жатты. Ақырғы кезек Жанға келгенде арт жақтан ақырған айғай шықты. Балалар аң-таң боп жалт қарады. Айғай шыққан жаққа Жан бұрыла беріп, оқыста суға омақаса құлады. Оны байқаған ешкім жоқ. Бәрі де қолында таяғы бар үлкен ақсақалды қартқа қарай жүрді.

— Бұл жерге кім рұқсат етті сендерге, суға түсуге? — деді қарт қатаң дауыспен. — Сендер түгіл үлкендер де түспейді. Ағысы жоқ ауыр су. Кетіп калсаңдар қайтесіңдер? Сен ғой осыларды бастап әкелген сірә, Шәкен, ә?

Шәкен үндемей төмен қарады. Өз айыбын мойнына алғандай тұнжырай түсті. Басқаларында үн жоқ.

— Енді қайтып бұл жерге түспеңдер! — деді қарт.



Балалар үндемей киімдерін кие бастады.

Судан кенет: «Ой-ой»,— деген талықсыған дауыс шықты. Балалар қорқып, жоғары жүгірді. Су ішінде біресе батып, біресе шығып, төңбекшіп жүрген Жанды көрді. Шәкен шешініп жіберіп, суға қойып кетті.

Әбден әлсіреген Жан көпке дейін жағада есін жыйнай алмай жатты. Балалардың бірі ауылға, дәрігерге ұшты. Қалғандары білген көмектерін көрсетумен болды.

Кенет арттан әйел дауысы естілді. Жанның бетіне үңіліп тұрған балалар, бір жас әйелді көріп, сілейіп, үн қатпай тұрып қалысты.

Жас әйел қолындағы сумкасын жерге тастай берді де, Жанның бас жағынан келіп, жүресінен отыра қалды, бұл кезде Жанға да ептеп сезім кіре бастаған еді. Ол лақылдатып құса бастады. Әлден уақытта есін жыйып, тілге келді.

— Бұл жерге түсуді шығарған қайсыларың? — деді жас әйел Жақанға қарап.

Жақан недерін білмей сасып қалды. Қыйпақтап Шәкенге қарай берді.

Шәкен салмақты түрмен бөтен әйелге бір қарап алды да, көңілі толмаған пішінмен:

— Мұны шығарған осы бәріміз,— деді. Өзі бұл жауабына мақтанған адамдай талтаңдай басып, ағаштың түбіне барып отырды. Көп ұзамай Жан аяқ басып орнынан тұрды. Әйел балаларға бірдене деді де, ілгері кетіп қалды. Бірақ оның сөзін Шәкен естіген жоқ.

— Шәкен, үлкен адаммен олай сөйлеспес

болар,— деді қарт оған ренжи қарап.— Ол бір жағынан сендердің ұстазың. Жақында ғана оқудан келген адам.

Балалар біріне-бірі қарай қалысты. Шәкеннің ойына есептен жаңа мұғалім келуге тиіс екені түсті. «Апырмай, осы болмаса не қылсын?»

— Мен білемін о кісіні. Кеше мамам екеуі сөйлесіп тұрғанда естігем бізге келген мұғалім екенін,— деді бой жағынан еңкіші, арық келген Қамал балаларға жағалай қарап.

Мә саған керек болса! Шәкеннің бетінен алған адамы мұғалім болып шықты. Әрі өзі есептен береді. Шәкен болса, өмірде есептен «бес» алып көрген емес. Ережесін қанша жаттағанмен, шығаруға келгенде мойны көп жар бермейді.

— Іс жаманға айналды, Қасым,— деді Шәкен үйге қайтып келе жатып,— енді әлгі мұғалім менің сыбағамды берер-ақ. Ең болмаса, Қатима апай сыяқты қарт адам болса бір сәрі, ол болған оқыйғаны егжей-тегжейіне дейін тексеріп шешер еді. Мынау жапжас...

Шәкен аз дем алды да, столына келіп отырды. Алдында ашылып есеп кітабы жатты. Бірақ оның оқуда ойы болған жоқ. Есінен су жағасында кездескен жас әйел кетпей қойды, өзінің сол кісіге тұрпайы жауап қайтарғаны есіне келіп, тағы да қапалана түсті.

Алдындағы кітаптың арасын ашып, қарай бастады. Айқыш-ұйқыш сызықтар, шыймайшатпақ есептер... Оның ойын кенет қағылған есіктің тырсылы бөліп кетті.

— Кір! — деді ол. Қүлімсіреп тұрған Жанның жүзі оны қуантып жіберді.

— Жан, сен маған ренжіме бауырым.

— Не үшін ренжимін, саған?

— Қайдан білейін әлгі...

— Ой қойшы өзін, жоқты айтпай. Не істеп отырсың қазір, сен?

— Не істерімді өзім де білмеймін. Мұғалима мені енді қатырар-ақ. Содан қорқып отырмын. Сен есепке жақсы едің. Өткенді қайталасақ қайтеді?

— Қайталаймыз, Шәкен...

...Есеп бірінші сабақ болатын.

Шәкен күндегідей қоңырау қағылғанша балалардың ойнайтын ойынына да қатнасқан жоқ. Ешкіммен сөйлеспей, томсырайып отырды да қойды. «Мүмкін, аурып қалған шығар» — деп ойлады ол ішінен. Бірақ ілешала есік ашылып, класқа мұғалима кіріп

келді. Ұзын бойлы ажарлы жас әйел, класс журналын столға қойып жатып, жымыйып Шәкенге қарағандай болды.

— Сәләматсындар ма, балалар? Отырындар,— деді мұғалима жылы жүзбен. Әуелі танысып алайық. Өзі жымыйып қана күліп қойды. Менің есімім: Айгүл Ахметовна.— Қөзімен класты бір шолып өтті! — Мен сендерге есептен сабақ беремін. Балалар да жымыйып, көңілдене түсті. Бірін-бірі ақырын түртіп қояды. Айгүл Ахметовна журналды алып, жайымен тізімге көз тастап отырды...

— Асқаров?

Шәкен атып орнынан тұрды. Көзі партада. Қолы дірілдеп кеткен. Жүрегі аттай тудайды.

— Ә — ә... Сенімен аздап таныс та болармыз,— деді Айгүл күлімсіреп.— Есеп жағың жақсы болар? Қазір байқап көрейік... Асқаров, жағалай «үш» тұр ғой өткен жылдан. Мұның қалай? Мен сені әрі батыл, әрі отличник шығар деп ойласам...

Шәкен жерге кіргендей болды. Не істерін білмей алақанын уқалай берді.

— Кәне, тақтаға шығып көре ғой.

Шәкеннің күткенінің өзі де сол еді. Бүкіл класс демін ішіне тартып қарай қалды. Әсіресе, Жанның мазасы кетті. Ол тыпырлап отыра алмады. Балалардың бәрі де тақтаға қадала қарасты. Бар ықласын салып, мейлінше дайындалып келген Шәкен есепті біраз шатасса да, ақырында дұрыс шығарды.

— Жарайсың, Асқаров. Әрқашанда осылай оқы,— деді Айгүл Ахметовна жылы жүзбен Шәкенге.— Әкеле ғой күнделік дәптерінді.

«Бес» қойылған дәптерін қолына ұстап Шәкен орнына келді.

Үзілісте бүкіл класс болып Шәкенді қоршап алды. Тұс-тұстан. «Кәне, көрсетші, көрсетші» — деген сұрақтар жауып жатты.

— Таңым бар, маған қалай бес қойды екен,— дейді ол күле сөйлеп.— Өзім де дайындалып-ақ едім. Сонда да бұ кісіден «бес» аламын деген ой жоқ еді. Өзі кексіз кісі екен.

— Шын ұстазда кек болмайды,— деді арт жақтан біреу...

Москва.

Отпей қалған ұсыныс

Әңгіме

Бесінші кластағы бір звеноның мүшесі Жалғас дейтін бала бұрын тағатсыз сыяқты емес еді. Қайта ол өз жолдастарына тұрлаулылығымен, салмақтылығымен танылатын. Бірақ бүгін: «звено жыйыны өтеді, онда звено вожатыйы сайланады», деген хабарды есіткен соң-ақ оның мінезі бір түрлі өзгеріп кеткендей болды.

Мұны ең әуелі оның парталас досы Есентай байқады... Шынында, Жалғастың қой көздері мен бидай өнді дөңгелекше жүзінде әлденеге асыққандықтың белгісі пайда болғанды. Және Есентайдан бір нәрсені бүге ме қалай? Тура карамай, қырындай береді. Көп сөйлеспейді де. Осының дәуде болса, менен жасырып жүрген бір сыры бар-ау деп шамалады Есентай. Оған бірнеше рет оқталып бұлайша тынышсыздана қалуының себебін сұрағысы да келді. Сонсоң ол «не де болса онашада білермін» деген өзінше тоқтамға келді де үндеген жоқ.

Ал Жалғастың шыдамсыздануы өрши түсті. Звено жыйынына келіп, терезеге таяу

отырғанда да ол қозғалақтап, атқа шаба білмейтін адамдай копандаумен болды. Дабырласып жатқан звенолас жолдастарының әңгімесіне де араласпады. Өзімен өзі болып, мойынын соза терезеден тысқа, сонсоң бөлме ішіне көз жүгіртті.

Жалғастың бөлме ішінде көз тоқтатып қарағаны — кілең ақ көйлек киіп, қызыл галстук таққан өздері қатарлы бір топ баланың аяқтарын бірдей алып, салтанатты түрде жүріп келе жатқан суреті болды. Бұл суретті ол бұдан бұрын талай рет көріп жүрсе де, осы жолы анық байқағандай байыптай қарады. Колоннаның алдында жеке жүріп, қызыл ту көтерген баланың ұзын бойлылығын, сүйкімді бет-әлпетін Есентайға ұқсатып ыржыйып қана күліп қойды...

— Неғып отырсың? Қабырғаға тесіле қапсың ғой,— деді Есентай Жалғастың жанына отыра беріп.

— Асықпа, жыйын басталған соң сені... Жалғас мұнан кейінгі сөздерін жұтып қой-

ғандай тына қалды. Абайсызда өзінің «құпиясын» ашып ала жаздады.

Осы кезде отряд вожатыйы келіп, төрдегі шағын столға барды.

— Балалар, бүгін звено вожатыйларыңды сайламақпыз,— деді ол жыйынды ашып.

Оның сөз бастасы мұң екен, манадан шыдамсызданып отырған Жалғас атып түрегелді де:

— Ұсыныс бар менде! — деді.

— Шыдай тұр, ұшып кетер ме екенсің, Омаров,— деді вожатый сәл ғана езу тартып.

Балалар ду күлісті. Орнына қайта отыруға мәжбүр болған Жалғас қатты қысылып қалды. Ойда жоқта өзінің жыйын тәртібін бұзғанына қынжылды.

— Ал енді ұсынуыңа болады, Омаров.

— Ме-н... Мен Есентайды ұсынамын,— деді ол даусы аз-кем дірілдеп,— ол жақсы оқыйды, сосын тәртіпті.

Есентай Жалғастың белдігінен ұстап төмен қарай тартып-тартып қалды.

— Әй, белбеуімді үзесін бе? Бола аласың. Сен бар ғой, Сағаттан жақсы істейсің... Болсын Есентай.

Жалғас өзінің ұсынысының өтетініне сенген пішінде отыра беріп еді, есік жақтан бір қыз бала:

— Сеніңше звено вожатыйы деген кім, өзі? — деп сөзге кірісе кетті.

— Оны маған үйретпей-ақ қой. Көп болса, командир дегің келіп отырған шығар.

— Сонда Есентай бізге командир болмақ па? — деп сылқ-сылқ күлді қыз.

— Вожатый сайлау күлкі ме, немене? — деді сөйлеуге рұхсат сұрап қол көтерген ашаң аққұба бала.

— Ораз-ақ айтсыншы. Лайық қой Есентай?

Жалғас өзін қоштайды деген үмітпен арттағы орындықтан көтерілген жұқа өнді, бойшаң балаға бұрылды.

— Мен қарсымын,— деді ол Жалғасқа жымыя қарап,— Есентайдың жақсы оқыйтынын білем. Сендер де білесіңдер. Бірақ ол қоғам жұмысына жөнді қатынаспай жүр. Анадағы жексенбіде ол мектеп алаңын тазалауға келмей қалды. Оқу басталғалы қабырға газетке бір де мақала жазған жоқ. Содан кейін тағы басқасы да бар ғой.

Мұның бәрі шындық еді. Жалғас қарсы дау айта алмай, басын төмен салып жіберді.

Ораз әдеттегісінше байсалды, аспай-саспай сөйлей берді. Ол звено вожатыйы болатын оқушының өте жақсы оқыйтын, қолынан іс келетін, қоғам жұмысын белсене істейтін өнегелі пионер болуы керек екенін айта келіп:

— Ондай пионер бізде бар ма? — деді.

Сонсоң жан-жағын бір шолып алды да:

— Бар,— деді ол өзіне-өзі жауап бере.

— О кім екен? — деді балалардың бірі.

— Ол — Жалғас Омаров!

— Дұрыс,— деді манадан Ораздың пікірін қызыға тындап отырған қара домалақ бала. Жалғастың болғаны жөн.

— Дұрыс! Дұрыс! — деген бірнеше дауыстар оған ілесе шықты. Жалғас өз құлағына өзі сенбегендей, басын жоғары көтеріп алды. Өңшең күлімдеген көздер «сен лайықсың» дегендей қадала қалған. Тек Есентай ғана әлденеден қысыла, алдындағы сумкасын шұқылап отыр. Отряд вожатыйы сүйсінген пішінде басын изей береді...

Н. Сералиев,

Қызылорда.



Бұл жерге совхоз қаласы салынады

Көптен бері, өзінің үлкен үйіндей, «Шүйгінкөл» фермаларында қонақтаған жаңа совхоздар келешек мекендеріне, бүгін таң біліне көтерілген еді. Бұған дейін мүлгіп жатқан жапантүз жаңғырығып қоя берді. Үш жүзден астам ауыр тракторлар мен автомашиналар, кең жазықты солқылдата, тұс-тұстан жылжып келеді. Колонна алдында таң самалымен жайқала алқызыл тулар ойнайды. Машина үстіндегі жастардың шырқаған әсем әндерін көктем эфирі көтере жөнелді. Таңның қызыл шапағы бетінде ойнаған Есіл өзені бүкіл солтүстік өлкемізді ұйқысынан оятарлық осы бір қуанышты дүбірді жар жиіктен қағып алады да, тоқтаусыз аққан толқындарына табыс етеді. Дон мен Днепрден келген жас украиндықтардың әндерін құшқан Есіл толқыны да әндей тербеліп, жедел жөнеле береді. Ән тиеген бұл толқындар жол бойы кездескен қазақ ауылдарына туысқан Украинаның бізге деген достық жүрегінің жалынды жырын жеткізгендей...

Салтанатты колонна біраз жүргеннен кейін үш бағытқа бөлінген. «Жайлыкөл» совхозы Есіл өзенінің нақ жиегіне келіп тоқтады. Колоннаның ең кәрісі совхоз директоры — Аким Федорович, ең кенжесі төрт, бес жастар шамасындағы сонау бір сүйкімді екі нәресте. Жаңылмасақ бірінің аты — Микола, екіншісінің аты — Марат болуға тиісті. Әрине, олар әзірге тың көтермейді, тың батырларын өздерінің балалық тәтті мінездерімен сүйсіндіреді, қызыққа бөлейді. Бұлардың қолдарында бір-бір жас шыбық. Мүмкін мұны жаңа мекенге отырғызғалы ала келген шығар.

Жаңа қоныс, қызу жұмысты аңсаған жас жігіттер машинаның тоқтауын да күтпей, жол-жөнекей қарғуда. Жерге түскен бойда әрқайсысы да, кең мекенге бір көз тастап, Есіл өзеніне үніледі.

Жыйырма бестер шамасындағы палуан денелі украиндық пен қазақ жігіті тракторларын токтата салды да, жасыл вагондердегі жас балаларды көтеріп жерге түсірді. Бұл комсомол мүшесі, бригадир Микола Прямонос пен жоғарыда аталған Мараттың әкесі механизатор Жақсылық Сәрсенов.

— Көрдіндер ме, мекеніміз қандай тамаша жұмыстан кейін мынау өзеннің бойында сайрандау қандай рахат, ә?!

— Тамаша, Қоля, тамаша,— деп күлді сүйкімді аққуба қыз,— тек жалаңаштау екен...

— Біз ертең-ақ бұл жерді тоғайға айналдырамыз. Мынау өзенде яхтамен серуендейтін боламыз...

— Микола, ә Микола,— дегенде шаңғышыларша киінген жас жігіт бригадир мен директорға кезек-кезек қарады.— Аким Федорович, мынау өзенге электр станциясын тұрғызу керек қой...

— Асықпа,— деп директор басын изеді,— бәрі де болады. Қәне жігіттер жүкті түсіріңдер. Келешек совхоз қаласының жоспарын белгілеушілер де міне келіп қалды. Қош келдіңіз, Клавдия Васильевна!..

— Қоныстарыңыз құтты болсын, Аким Федорович,— деп жеңіл машинадан жаңа ғана түскен келіншек жайрандай күліп, директорының қолын қысты,— мекеніңізді аса бір әдемі жерден тандаған екенсіз. Бізге тек көшелеріңізді белгілеуді ғана қалдырыпсыз ғой...

Бұл — Киевтің ғылыми институтынан келген инженер Клавдия Васильевна Гущенко жолдас болатын. Клавдия Васильевнаны біз осыдан бірер апта бұрын Көкшетаудың қалалық қонақүйінде кездестіргенбіз-ді. Жанында бізге таныс, жас инженер Анатолий Дерменчук.

— Сөйтіп, бұл жерге совхоз қаласы орнайды деңіз,— деп Дерменчук жаңа ғана тебіндей бастаған жирен мұртын бір сыйпап қойды,— бұл қаланың ең әдемі көшесін Тарас Шевченконың атымен атасақ қайтеді?

— Мақұл, мақұл, әбден тауып айттың...

Көп ұзамай Киев инженерлері келешек қаланы жоспарлауға кірісті. Олардың артын ала қуатты тракторлар жылжып барады. Трактор рульдерінде Микола Прямонос пен Жақсылық Сәрсенов. Олар трактор кабиналарынан қарап масаттана күледі. Тракторлардың соңында, әзірге сәнді көше емес, оқтай түзу тартыла аударылған тек тың сызықтары ғана жатыр. Енді бірер айдан соң осы тың сызығын жиіктей болашақ қаланың әдемі үйлері сап түземек.

Совхоз директоры қызылтуды желбірете көтеріп әкеп, әзірге аударылған тыңмен ғана бейнелеген көшелердің дәл орталығына тікті. Бас инженер Спирцов үлкен тақта ше-

геленген қазықты осы жерге қағуға кірісті. Тақтада: «Бұл жерге совхоз қаласы салынады» деген ірі жазу бар. Манағы екі нәресте де қолдарындағы жас шыбықтарын болашақ көшелердің біріне апарып орнатты. Бірнеше жылдан кейін ол шыбықтардың жасыл жапырағы судырлаған бәйтерекке айналатыны даусыз емес пе!?

Таң жаңа ағарып келеді. Совхоздың бүкіл адамы Есіл өзенінің солтүстігіндегі кең жазыққа түгел жыйнала қалыпты. Орталарында қызыл ту. Аким Федорович пен совхоздың бас агрономы Евгения Алексеевна машинадан жаңа ғана түсіп жатыр. Тегі бүгінгі, жыртылатын учасоктерді аралап келген болса керек...

Көп ұзамай бес бригаданың тракторлары алғашқы боразданы алуға асыға аттанды. Механик Скворцов қызып тұрған тракторлардың тетігін тағы да бір рет байқап шықты. Аким Федорович совхоздың жас коллективінің зор табыстарға жетуіне тілек білдіріп қысқаша сөз сөйледі.

— Бұған дейін тың жатқан бай өлкені игеруге келген тың батырлар, сапарларың сәтті болсын!..

Совхоз туы желкілдеп жоғары көтерілді. Механизаторлар тракторларына мінді. Микола Прямонос өз бригадасының бастаушы тракторындағы Жақсылықтың жанына отырды. Бес бригаданың тракторлары орындарынан іле қозғалып, кең алқапты қаптай жөнелді. Трактор соңдарында бұйраланған тың толқындар қалып барады. Көк жиіктен

жаңа ғана көтерілген күн сәулесі тың толқындары үстінде толықсый ойнайды. Ту түбінен шат дауыстар естіледі.

— Жасасын жас батырлар!

— Алғашқы тыңмен!


Микола біраз жүргеннен кейін артына бұрылғанда алғашқы плугтың рулінде отырған Валяны көрді. Басына қызыл орамал байлаған сүйкімді қыз сол қолымен плугтың тұтқасын бұрып, оң қолымен толықсый төңкеріліп жатқан тың толқындарын көрсете жайрандай күледі. Аким Федорович пен Евгения Алексеевна тың бороздаларының тереңдігін өлшеп жүр. Евгения Алексеевна кейінгі тіркеушілердің біріне белгі беріп, оң қолын төмен сілтейді. Тегі тереңірек жырт дегені шығар. Одан әрі жаңа ғана көтерілген алғашқы боразданың бойында бір-бірімен жарыса жүгіріп, бір топ бала келеді. Микола мейірімді үлкен қара көздерін балалардан аудармастан, жолдасын шынтағымен ғана түртіп:

— Көрдің бе, тың өлкенің келешек батырлары да келіп қалыпты!— дейді.

— Кәне,— деп Жақсылық та артына бұрылды,— айналайын, анау менің Маратым ғой. Кешеден бері мені ала кет деп өтінген еді. Мана ұйқысын қыймап едім. Қап ренжиді-ау, ә? Қызықты көргелі келген ғой...

— Келсін, келешек солардікі!..

Жақсылық өзінің тракторды алғашқы рет көрген кезінен бергі өмірін еске түсірді. Бұл 1930 жылдың жазы еді. Жақсылық онда



«Жайлыкөл» совхозындағы жаңа үй құрылыстары.

бес жаста ғана болатын. Жаңа ұйымдасқан «Жарқынжол» колхозының балалары ауылға алғашқы келген тракторды қоршап ала қойды. Сәрсеннің қызғыштай қорығанына қарамастан, әр тетігін бір шұқылап таңдануда. Тракторист жер жыртуға аттанғанда бір топ бала соңынан ере жүгірді. Бірі тракторға, бірі соқаға жармасумен келеді. Бір кезде бүкіл бала шу ете қалды. Сәрсен жалт қарап еді, өз баласы Жақсылықтың соқадан құлап түскенін көрді. Әйтеуір, абы-йыр болғанда тез тоқталып үлгерді... Әуесқой бала тракторға үйірлігін бұдан кейін де доғара қоймады. Оқудан бос сағаттарын трактор маңында өткізді... 1941 жылы Сәрсен соғысқа аттанды. Он алты жасында Жақсылыққа әкесінің орнын басуға тура келді...

— Мынау балалар шынында да соқаға жабысқалы келеді. Мен барып тоқтатайыншы.

Бригадир трактордан секіріп түсті де, таза ауаға кеудесін толтыра дем алып, төңірекке көз тастады. Әлгінде ғана сарғайып жатқан шексіз кеңістіктің аумақты бір бөлегі аударылып-ақ қалыпты. Ертең бұл жерде алтын бидай толқыны ырғалады. «Сен қандай бақыттысың Микола, бекер жатқан өлкенің құнарлы тыңын көтеріп, тың қазына жасауға қатыстың. Мүмкін ертең мынау балалар сыяқты, сүйкімді нәрестенің әкесі де боларсың!» Микола өз ойын осылай қорытты да, тракторлар соңынан жүгіріп бара жатқан балалардың алдын орай:

— Әй, батырлар, тоқтаңдар! — деді.

Жас балалар іріліп тұра қалысты.

— Қайда барасындар?

— Тракторға барамыз...

— Бері келіндер, мен сендерге қызық әңгіме айтайын.

— Ия, сіз алдانتасыз, — Марат әкесі мінген тракторға қарады. — Біз де тракторға мініп тың көтеріскелі барамыз...

— Трактор қазір айналып осында келеді. Оған дейін әңгімелесе тұралық. Келіндер бері, қызық ертегі айтып берейін.

Балалар келерін де, келмесін де білмей бір-біріне қарасты. Дәл осы кезде алысырақтан шыққан бір ащы үн бүкіл даланы жаңғырта шатыр-шұтыр ете қалды. Бейқам тұрған балалар шошып кетсе керек, құлақтарын баса жүгіріп, бригадирдің жанына келді.

— Үрейленбендер, бөбектер!

Балалар жалт қарағанда жандарында тұрған директорды көрді.


Зор денелі директор аумақты құшағына төрт баланы түгел сыйғыза қаусырды да, жоғары көтерді. — Механизаторлардан қалмаймыз деп, олар да бүгін тау омырып, тас жыйнап жүр. Трактористер 22 мың гектар жердің тыңын көтеріп болғанға дейін олар да құрылыс жұмыстарын аяқтамақ. Сендерге жылы үй, әдемі мектеп, сауықты балалар бақшасы, кино-театр салынады.

Жас сәбилер де, бригадир мен директор да шаттана күліп, кең даланы түгел шолуда. Көзалдарында төңкерілген тың жатыр. Тракторлар әрбір айналып өткен сайын тың аумағы ұлғая береді. Тың алқабына тырмалар да жүре бастапты. Алыстағы биік дөңдер арасынан әлденендей көк түтін ілезде аспанға көтеріле бүрк ете қалады. Осының артынша шағыр-шұтыр жарылған қаһарлы дауыстар естіледі...


Көк күмбезіне биіктеп алған күн көзі төбеден ауып барады. Бірақ, жұмыс тоқтар емес. Олар далаға қала орнатады!

Әбу Сәрсенбаев,

«Жайлықөл» совхозы
Көкшетау облысы.



Суретті түсірген П. Редько.



Шахмет Құсайынов.

Әлешітеудің әлемі

(Жалғасы. Басы өткен номерлерде)

ҮШІНШІ АҚТЫ

Сахна бірінші актыдағы қалпы. Шапық Шынболатов таңертеңгі шайын ішіп болған. Айнаның алдына барып, галстугін байлап, қызметіне баруға әзірленеді. Әйкен стол үстіндегі ыдыстарды реттеп жүр. Гүлнапыс өз бөлмесінде төсегінен әлі тұрған жоқ.

ӘЙКЕН. Папа. Сізге оқытаппын-ау...

ШАПЫҚ. (галстугін байлап жатып) Нені, қалқам?...

ӘЙКЕН. Институтқа жазған өтінішімді.

ШАПЫҚ. Қай институтқа?..

ӘЙКЕН. Горныйдың геология факультетіне. Назыкен мен Доскен де соған түсуді қалайды.

ШАПЫҚ. (іш тартып) Доскен қаласа, Назыкен қолдаса, түсіндер де, оқындар. (өтінішін оқып, қыйналған пішінде) «Шешемнен жетім калыппын...» Жетімдік көргендей бұл сөзді несіне жаздың?

ӘЙКЕН. (күрсініп) Туа жетім болғанымнан да, жүре жетім болғаным батады, папа.

ШАПЫҚ. Туа жетім емес едің-ау, қалқам. Я, ол бір ойдан кетпес өкініш те. Ер жеттің... он жылдықты бітіргелі тұрсын. Мінезіңнің шайпау екені рас, ақылды бол... Мараттың да әлегі жеткілікті. Папаңа сен жәрдем бер. (Демін ауыр алып) Ойлайсын да күйінесін. (Балалар бөлмесінің есігін ашып) Марат,

Марат, бері кел. (балалар бөлмесінен Марат шығады).

МАРАТ. Папа, тарихтан берген тапсырманы сыдыртып оқып шықтым да, енді жаттауға кірістім...

ШАПЫҚ. Оқып шыққаның дұрыс. Жаттаудың қажеті не?

МАРАТ. Жаттамасам, есімде қалмайды, папа.

ШАПЫҚ. Зейін салып оқысаң қалады...

ГҮЛНАПЫС. (өз бөлмесінде) Тапочкамды қайсың кидіңдер? (Марат өз бөлмесіне кетеді)

ӘЙКЕН. (есігінен қарап) Қай тапочканды сұрайсың, мама?

ГҮЛНАПЫС. Кигіз табанды, кигіз табанды тапочкамды. (үстінде гүлді халат, өз бөлмесінен Гүлнапыс шығады. Әйкеннің аяғындағы тапочкаға шұқшыя қадалып) Кісінің киімін киюге құмарсын...

ӘЙКЕН. Мама, байқамаппын. (Тапочканы шешіп Гүлнапысқа береді. Көзіне жас алып өз бөлмесіне кетеді).

ШАПЫҚ. Төсегіңнен тұрмай жатып қуырдың. Әйкенге дегенде сенің не жының бар?

ГҮЛНАПЫС. (кердеңдеп) Жә, сен ара түспесең де сыбарасын жібермейді.

ШАПЫҚ. (зілдене) Я, мен ара түспегеннің салдары да...

ГҮЛНАПЫС. Ара түс... қай бір жақсы атым шыққан қатынымын. Баласын бұзған да Гүлнапыс, күйеуінің желкесіне мінген де Гүлнапыс...

ШАПЫҚ. Өтірік пе? Шарпуың менен асып мектепке де тиді. Сазаың тарта түс демесең болды ғой.

ГҮЛНАПЫС. Өз салақтығыңнан көр. Менен несің көресің.

ШАПЫҚ. Болды!.. (кетеді. Гүлнапыс жалғыз, айнаның алдына барып сабалақ шашын шыйыршықтап локон жасайды. Қолтығында мектеп сумкасы Мерхат кіреді. Гүлнапыс Мерхаттың кіргенін байқамайды).

МЕРХАТ. (Қыпылықтап тұрады да, түшкіріп жібереді). Әптішу!..

ГҮЛНАПЫС. Сау бол, бұл қайсың-әй?

МЕРХАТ. Мен ғой, Гүлнапыс апа.

ГҮЛНАПЫС. Е, Мараттан аулақ болайын, қырсығы тиеді деп жоламай жүр едің, сені кім шақырды?

МЕРХАТ. Шындап көмек беруге келдім, Гүлнапыс апа.

ГҮЛНАПЫС. Өзің ойладың ба, жоқ, біреу тапсырды ма?

МЕРХАТ. Класс жетекшісі Анфиса Ивановна тапсырды...

ГҮЛНАПЫС. Оны қоя тұр, бері кел. Маратжанның тентектігінен басқа не бұзықтығын білесің?

МЕРХАТ. Ұрып-соқпалығынан басқа түгін білмеймін.

ГҮЛНАПЫС. Ұрып-соққаны қалай?..

МЕРХАТ. Мінезінің ұрып-соқпалығын айтам да. Біраз жай жүреді де, содан ұрынып береді дейсің... алдында не тұрсын бұлдіріп, таптап өткісі кеп тұрады.

ГҮЛНАПЫС. Соны байқаған ақылыңнан айналдым. Маратжанды мұғалімінен де артық білетін сен. Не істесе де мұғалімдерінен бұрын өзіме айт.

МЕРХАТ. Мақұл, Гүлнапыс апа...

ГҮЛНАПЫС. (балалар бөлмесінде отырған Маратқа). Марат, Марат, досың келді. (сол жақтағы бөлмеден Марат шығады).

МАРАТ. Міне, ақмақ... Аманбысың-әй?..

МЕРХАТ. Аман.

ГҮЛНАПЫС. Маратжан, Мерхатты сыртқа теппе. Қателігін мойындады...

МАРАТ. Жоқ, мама, бұл танып кетеді.

МЕРХАТ. Жазған тетрадымды құртып та жібердің, тандым ба?

МАРАТ. Анфиса Ивановна мен Жәкіш ағай беттестіргенде үндемей қалдың ғой.

МЕРХАТ. Менің үндемегенім жақсы болды. Үндесем қоқайынды ашатын ем. Сен тетрадытарымды көз алдымда отқа жақтың, оны Гүлнапыс апай да білмейді.

ГҮЛНАПЫС. Сондай да сұмдығым бар еді де, балам.

МЕРХАТ. Я, бұл сөйткен, Гүлнапыс апа.

ГҮЛНАПЫС. Жарайды, өткен іс өтті, енді екеуің бұрынғыдай достасыңдар да, сырласыңдар. Бірінді бірің ұстап бермеймін деп қол алысыңдаршы.

МАРАТ. Әкел қолынды (екеуі қол алысады).

ГҮЛНАПЫС. Балалар бөлмесіне барып сабақтарыңа әзірленіңдер. (Марат пен Мерхат сол жақтағы бөлмеге кетеді. Телефон сылдырайды. Гүлнапыс телефонның тұтқасын алып тыңдайды). Алло! Алло! Я, Ұрафиямысың-әй? Қан жаусын саған, қан жауғыр! Немене, келемін деп келмей, бұлдандың да қалдың ғой. Божбанымызбен қырын қабақпыз. А-а, жетімек

қыздың әлегі де. (алып ұшып) А, қайда? Подвалдағы ательеге, жай барқыт па, пан-барқыт па? Түсі... қошқылкүрең?.. Ұрафия-ау, қанат байлап ұшсам да жетейін. Сен бар ғой, очередь ала бер, директоры кім? Нақысбек пе, Ризабек пе?.. Түсіп қалған?.. Е-е, сұр кительді талтақай қазақ екен ғой... Онымен кейпім жараспайды. Оған Күлекенді салайық. Ондай меңреулердің тілін Күлекең ғана біледі. Ұштым, кеттім, очередь ал! (Тұтқаны іледі. Үстіндегі халатын шешіп, асығыс апыр-топыр киіне бастайды.) Әйкен, ау Әйкен! Байланғыр қыз, байланбай кел бері!

ӘЙКЕН. (бөлмеден шығып). Жай шақырдың ба, мама?

ГҮЛНАПЫС. Әкел. (Әйкен нені әкел дегеніне түсінбейді). Ойбай-ау, неге мелшиесің, әкел деймін.

ӘЙКЕН. Нені әкелейін, мама?

ГҮЛНАПЫС. Шешініп жатқанымнан-ақ байқамаймысың?

ӘЙКЕН. Көйлегінді ме?

ГҮЛНАПЫС. Очередь өтіп кетеді, тез-тез!..

ӘЙКЕН. Қай көйлегінді?

ГҮЛНАПЫС. Қолыңа түскенін. (Әйкен Гүлнапыстың бөлмесіне кіреді) Байланғыр қыз, байланба, бөл енді.

ӘЙКЕН. (жеңі шолақ креп-де-шин көйлек алып шығады). Мама, қолыма түскені осы болды.

ГҮЛНАПЫС. Таста әрі, серуенге бара жатырмын ба, ана барқыттың бірін....

ӘЙКЕН. Жасылың ба, көкшілін бе?

ГҮЛНАПЫС. Жасылдың өңірі салпы, көкшілдің етегі қушық, қай бір сәтімен тігілген көйлек. Ана гүлдісін.

ӘЙКЕН. Көйлегіңнің бәрі гүлді, қай гүлдісін сұрайсың?

ГҮЛНАПЫС. Қап, мына мақау қыз жіпсіз байлады-ау, фон-шифонды, фон-шифонды...

ӘЙКЕН. Сөйдеп айтпайсыз ба? (қайтадан кіріп шифон барқыттан тіккен көйлегін алып шығады. Гүлнапыс асығып кие бастайды. Кеуде тұсына келгенде мықшындап, көйлегінің қолтығы сөгіліп кетеді).

ГҮЛНАПЫС. Қараң қалғыр, бүлінді-ау, жыртылды-ау, демеп жібер. (Әйкен қолтығынан төмен басып түсіреді).

ӘЙКЕН. Мама, ұзақ боласың ба, мен де кетем?

ГҮЛНАПЫС. Үйді иесіз тастап қайда бармақсың?

ӘЙКЕН. Емитихан комиссиясына жолдайтын өтінішім бар, мама.

ГҮЛНАПЫС. Асығатын тұк те жоқ, үлгіресің, үйде бол. Ана Маратты мектебіне апарып сал.

ӘЙКЕН. Апара алмаймын, мама уақытым жоқ.

ГҮЛНАПЫС. О, тілеусіз өт, тілеусіз өткір... Тыңдамадың ба мені, осы үйден мүлдем кет.

ӘЙКЕН. (қалтырап) Я, кетсем мүлде кетем. Көзге түрткі болғанымша мүлде кетем.

ГҮЛНАПЫС. Е, онжылдықты бітірдің, оң-солыңды таныдың... Туған шешен столовойда істеп, ақаршақар дейді. Соның қолына барарсың.

ӘЙКЕН. (таңырқап). Туған шешем... туған шешемді өлді дегенің қайда еді?.. Тірі болса, неге жасырдыңдар?

ГҮЛНАПЫС. Әкеңнен сұра, мен қайдан білейін?

ӘЙКЕН. (боздап). Бұдан кейін, бұдан кейін беттеріне тура қараудың өзі де қыйын. Әкесінен айрылған қандай, шешесінен адасып қалған қандай... Ертегі мен романдардан ғана оқыйтын едім. Соның кебі менің басыма да түсті. Зарықтырып кеп айтқаныңа да рахмет, мама. (қуанып). Фажап!.. Кеуде-



сіне басып, маңдайымнан сүйетін ана көкірегін көрмей өтем дейтін ем... Жок, мен енді көретін болдым... Туған анам тірі болса, іздеп табар күнге де жетермін. Жолыңнан қалма, мама, жүре бер.

ГҮЛНАПЫС. Айтпайын-ақ дейтін ем, Маратқа айғақ болған ызана айттым.

ӘЙКЕН. Айғақ болмағанда жасыруым керек пе еді?...

ГҮЛНАПЫС. Жасырма, айналайын, бар да, тағы да жар сал.

ӘЙКЕН. Қыянатты бүркеу қылмыстан да ауыр екенін түсініңіз.

ГҮЛНАПЫС. Қыянатқа төзбейтін қызсың ғой. Әркімнің өз анасы өзіне. Анаңды тап. Бүгін тайып тұрсаң да еркің... (Кетеді).

ӘЙКЕН. (жалғыз) Бүгін тайып тұрсаң да еркің... Тайып тұрдым, қайда бардым?.. Еміс-еміс құлағым шалғандай еді-ау, бірақ та сенбейтін елім. (дел-сал теңселіп пиониноның қасына барады. Мұңды күйге толғай отырып) Менің де туған анам бар. Жеткім келеді, көргім келеді... (Осы кезде үйге Назыкен Доскен кіреді, олардың кіргенін Әйкен байқамайды).

НАЗЫКЕН. Музыка әуеніне беріліп отыр, ойын бөлмейік.

ДОСКЕН. Осы күйдің сазды әуені мектепте ойнағанда есімде қапты.

НАЗЫКЕН. Көтермешің мен болайын, қосылшы, (Назыкен ақырын ғана білдірмей сыртын ала тұра қалып, көңіл күйін бейнелейтін өлеңмен қосылады).

ӘЙКЕН. (Ән біткеннен кейін бұрылып) Қуанышты, сәтті сағат үстінде келдіңдер.

ДОСКЕН. Әрқашанда солаймыз.

ӘЙКЕН. Ғажап, ғажап, сен екеуің естисіңдер, менімен бірге қосыла қуанасыңдар.

НАЗЫКЕН. Әйкен, ол не қуаныш? Өтінішіңді әзірледің бе?

ӘЙКЕН. Мені үмітке жетелеген өтініш қой. Отырыңдаршы. (екеуі қасына кеп отырады.) Папам қызметіне барғалы жатыр еді. Өтінішімізді қолына бердім де, оқып шығуын сұрадым. Шешемен жетім қалпын деген сөзді оқығанда, даусы дірілдеп, ауыр күрсінгендей болды. Туа жетім емес едің, жүре же-

тім болғаның батады деп, тұманды ойында қалған өкініш пен күйінішті есіне түсірді. Шешең тірі деген хабарды бұрын да еміс-еміс құлағым шалатын. Өздерің айтыңдаршы, бұдан артық қандай қуаныш болмақшы!..

ДОСКЕН. Туған маманың қайда екенін білмейтін бе едің?

ӘЙКЕН. Білмесем де сезетінмін.

НАЗЫКЕН. Сөйтіп, екі сапарға бірдей жол аштым де.

ӘЙКЕН. Я, екі сапарға... Бірі — зарыға күткен ананың бауырына, бірі — институт құшағына. Асығыс болмасаңдар, натариусқа анықтататын қағаздарымды қайыра жазайын. Емтихан комиссиясына бірге жіберейік.

ДОСКЕН. Бұрын жазып қоймасың...

ӘЙКЕН. Ех, Доскен, мұршам келді ме, жазуға... Бері жүріңдер, менің бөлмеме барайық, тезірек жазайық та, кетейік, (үшеуі Әйкеннің бөлмесіне кіреді. Балалар бөлмесінде Мерхатпен егескен Мараттың даусы естіледі).

МЕРХАТ. (Есікке таласып) Қоя бер!

МАРАТ. Кетіп көр, тұмсығыңды бұзам.

МЕРХАТ. Оңайын, далада жатқан тұмсық бардай... (Кеудеден итеріп тастап шыға бергенде, Марат түп етекпен ұстай алады).

МАРАТ. Уәдең қайда, оңбаған?

МЕРХАТ. Бұзықтықты қойдым, жөнделуіме ерік бер, ұрынбаймын, соғынбаймын, деп бүкіл класс алдында, Анфиса Ивановнаның алдында берген уәдеңді неге бұзасың? Радиоприемникті мектептен шығарғанға кектеніп ұрладың ба, сатуға ұрладың ба?..

МАРАТ. (жалтарып) Пайдаңды білмеген бишара. Жазғы каникул жақын қалды. Мотоцикл алуға ақша жыйнайық деп уәделестік пе?..

МЕРХАТ. Ұрлықпен сауда жасап жыйнамақпысың?

МАРАТ. (алдап) Папам ақша берме деп мамам тыйым салды. Сорлы-ау, әкеңнің жалақысы семьясын асырауға әзер жетеді. Сонда ақшаны қайдан жыймақпыз?

МЕРХАТ. Өзің масқара болғаныңмен тұрмай, бүкіл оқушыны масқараладың.

МАРАТ. Өйтіп сөгетін болсаң, сұрап алдым деп жалтарам.

МЕРХАТ. Сұрап алған бала, кроватиның астына тығып қоймайды.

МАРАТ. Үстінен түстім деп шүйінші сұрамақсың ба?

МЕРХАТ. Сеніңше, не көрсем де көрмедім, білсем де білмедім деуім керек пе?

МАРАТ. Маған дос болсаң, соны істе.

МЕРХАТ. Мінеки, түзелмеуге бет алғаныңды осы сөзіңнің өзі дәлелдейді. Радиоприемникті құртып жібердің бе, қоса құрайсың...

МАРАТ. Аһ, свистун. Сен бе құртатын. Мен оны сенен бұрын мектепке апарып берсем, не істейсің?

МЕРХАТ. Бәрібір, ұрлықтың аты ұрлық. Ақтала алмайсың... (Мерхат шыға жөнеледі). Марат оқтай атылып бөлмесіне кіреді де, одеалоға орап радиоприемникті алып шығып, көше жақтағы есіктен шығып кетеді. Сырттан овчарканың жұлқына арсылдағанын естіп Әйкен бөлмесінен жүгіре шығады).

ӘЙКЕН. (ізден) Марат-ау, Марат... (террасадан ұмтыла қарап) Қабады-ау... Қоя берген сенбісің? Доскен, Назыкен бері келіңдер! (Доскен мен Назыкен келеді).

ДОСКЕН. Бұл не айғай? Талап жатқаннан сау ма?

ӘЙКЕН. Ит болмады, сор болды...

НАЗЫКЕН. (Ұмтыла қарап) Құтырған ба қалай, тап-тап береді. Жүріндер, арашалайық.

ӘЙКЕН. Жарады... Көрші әйел қолындағы шелегін басына кигізе салды... Бой берместен арсылдап жүр.

ДОСКЕН. Қасқырдан бетер ғой... Сүзгілей соғуын қарашы... барайықшы... (үшеуі арашалауға кетеді. Олар итпен арналысып жүргенде приемникті көтеріп сыртқы есіктен Марат кіреді).

МАРАТ. Неткен ақмақпын? Дәл үстіне неге бардым?... (бармағын тістеп) Ымм, көрсе де сезген жоқ. Қайда тықсам екен? Папамның, жоқ мамамның кроватиның астына тығайын. Көрші әйел болмағанда, иттің күркесінен қолайлы жер жоқ еді. Мына қыздың да үйде болуын қарашы. (Асығыс Гүлнапыстың бөлмесіне апарып тығады да, қайтадан шығып, өз бөлмесіне барады. Кідіріс. Маратты іздеп үйге Әйкен кіреді).

ӘЙКЕН. Марат, Марат, үйдемісін?

МАРАТ. (өз бөлмесінде, түк сезбегенсіп). Сабағыма әзірленіп отырмын.

ӘЙКЕН. Овчарканы шынжырынан босатып жіберген сенбісің?

МАРАТ. Үйден екі қадам шыққан жоқпын, қайда жүріп босатам?

ӘЙКЕН. Сенен басқа кім босатты?

МАРАТ. Шынжырын үзіп кетсе де менен көреді. (Өтірік ызаланып). Көрші әйелге мен босатты деп шағыстырдың ғой, мамам келсін, қымс етсе маған жабасың. (Жылайды. Үйге алқына сөйлеп, көрші әйел, Доскен, Назыкендер кіреді. Көрші әйелдің үстіндегі бешипенттің өңірі сөгіліп кеткен).

ӘЙЕЛ. А, көзің аққыр, сұм бала! Бұзықтығың аздай итінді айдап салдың ба?

ДОСКЕН. Бұл жылт етіп қайдан барып қалды?

МАРАТ. Барған ешкім де жоқ. Ызалы ит жұлқыған да шынжырын үзген. Менен неге көресіңдер? Үйде отырмын ғой...

ӘЙЕЛ. Қарашы мұны, су кара боп тануын. Қақпадан кіре бергенімде, қолында ораған затың бар, мені көрмесін деп күркені тасалап, шынжырын ағыттың да, итінді қоя бердің. Содан затыңды көтере, қаша жөнелдің. Өтірік пе?

МАРАТ. Өтірік, шылғый өтірік.

ӘЙЕЛ. Қап, мына мұндар талтүсте мені өтірікші етуін. Әкесі мен шешесі қайда? Соларға айтып мойындатпасақ, мойнына алатын бала емес...

МАРАТ. Кімнің алдына апарсандар да, мен үйден шыққан жоқпын.

ӘЙКЕН. Тайталаспа, мойныңа ал.

МАРАТ. Мені мұқатам деп өзің шығарсың.

ДОСКЕН. Өйтіп жала жаппа, Әйкеннің қасында біз отырмыз ғой.

НАЗЫКЕН. (өкініп) Ех, мен сені бекер-ақ қорғаған екенмін. Бізді алда — жарайды, Әйкенді алда — жарайды. Бегің шімірікпей әкендей кісілерді алдайсың, осы жарай ма? Кәне, тығуға апарған затыңды айтшы, ол не?

МАРАТ. Саған не жоқ, немене, үстінен түстің бе?..

ГҮЛНАПЫС. (аңырған пішінде) Тағы не боп қалды?

ӘЙКЕН. Не болсын, су алуға келген көршіге ит қосты.

ГҮЛНАПЫС. (не дерін білмей сұлық тұрып қап). Ымм, жетпегір... Қолды-аяққа тұрмай құтырынуың

жаман еді. Ақыры басыңды жұтпай қоймайтын болдың ғой.

ДОСКЕН. Қойғызатын жеріне тапсыру керек қой, Гүлнапыс апай.

ГҮЛНАПЫС. Я, сендерде қалған сөз жоқ, барыңдар.

ДОСКЕН. Бізді қумаңыз. Қайта мектептен ұрлаған затын қолыңыздан апарып табыс етіңіз.

ГҮЛНАПЫС. Жасаған, ұрлаған деген бәле қайдан жабысты? Мыналар саған не төндіріп тұр?

МАРАТ. (Міз бақпай). Төндіре берсін...

(қасында Мерхат Анфиса Ивановна кіріп келеді).

МЕРХАТ. А-а, өзі де қолға түсіпті.

МАРАТ. (Балалар бөлмесіне тұра жөнеліп) Табарсың.

АНФИСА. Токтай тұр, Марат.

МАРАТ. (Жүре жауап беріп). Үстінен түсірем деп ертіп келдің ғой. Мойныма қой... (кетеді).

АНФИСА. Бұдан былай сотқарлығына жол бермей, қосыла тәрбиелейік деп уәделестік. Гүлнапыс ханым, бұл қалай?

ГҮЛНАПЫС. Не болды?

МЕРХАТ. Радиоприемникті ұрлаған, Гүлнапыс апа...

ГҮЛНАПЫС. Көзіңмен көрдің бе, Мерхат?

МЕРХАТ. Көрдім, тіпті кереуетінің астына тығып қойғанын өз көзіммен көрдім.

ГҮЛНАПЫС. Қой әрі, қайда жүріп ұрлайды?.. (Асыға басып Шынболатов кіреді)

ШАПЫҚ. (Анфисаның бетіне тура қарай алмай, келген бетте Марат отырған бөлменің есігін ашады да, зекіп) Шық бері! Бұрынғы бұзықтығың аздай, тағы да сорлаттың ба?! (Қолынан жетектеп алып шығады. Марат қалшылдап әкесіне беттей алмайды) Шыныңды айт, радиоприемникті қайда тықтың?

МАРАТ. Алғаным жоқ, папа.

ГҮЛНАПЫС. Алмаса, қайда тығушы еді?

ШАПЫҚ. Ара түспе, Гүлнапыс. Алмаса маған неге хабарлайды? Мектеп директоры сенің балаңа неге шұқшияды? Жетпегір, саған сенім қалған жоқ. Қайда тықтың, шыныңды айт?..

МАРАТ. Неге қысасың, папа, қайда жүріп алам?

ШАПЫҚ. Көзің ақсын, көзің аққыр. Шуың бүкіл қалаға тарады. Бұдан кейін балам деп аймалаған әкеде не аброй қалды? Есірік-ерке, сенде не қасиет қалды?!.

(Милиционер кіріп келеді)

МИЛИЦИОНЕР. Кеп қалыппыз, сәлем бердік, Шапық ағай.

ШАПЫҚ. Сау бол. Аанада менің беделіме сатылып қоя берген айыпкерің алдында тұр. Тінтіп шық!

МИЛИЦИОНЕР. (Абыржып). Апырай-а, жауапты қызметтегі ағайдың баласы да өстеді екен. Тінт-бестен бұрын, өзінен сұрайын, ағасы.

ШАПЫҚ. Тінті!.. Осы үйдің қуыс жерін қалдырмай тінт?..

МИЛИЦИОНЕР. Қуыс жерін қалдырмай тінтей-ін... Кәне, маған еріндер.

(Назыкен, Әйкен, Доскен, Мерхат — барлығы тінтуге кетеді. Кідіріс).

ШАПЫҚ. (Даусы дірілден). Анфиса Ивановна, сізге қояр кінәм да жоқ. Сізге айтар өтінішім де жоқ. Айтып сөзіміз өтпеген, қарап тәрбиеміз жетпеген сұм балаға нендей шара қолдануды талап етесіз?

АНФИСА ИВАНОВНА. Өз ұйғаруыңыз білсін, Шапық Шынболатович.

ШАПЫҚ. Еңбек түзету колониясына тапсырғаннан басқа лаж қалған жоқ.



ГҮЛНАПЫС. (Шатынап). Кісі өлтірді ме, не бетімен айтып тұрсың?

ШАПЫҚ. Қаршадайынан қағынған бала, есейе келе оны істемейтіндігіне кім кепіл? Сен бе кепіл болатын, Гүлнапыс. Түбінде сенің есуастығың соған да жеткізеді.

ӘЙЕЛ. (жыртылған өңірін көрсетіп). Жеткізбесе мынау не?

ШАПЫҚ. (түнеріп) Ымм, саған ит қосты ма?

ӘЙЕЛ. Шапық Шынболатович, тіпті, денемізге жара да түсірді.

ШАПЫҚ. (Маратқа түйіліп). Ки, киіміді!..

МАРАТ (Шарылдап Гүлнапысқа тығылады). Мама, папам қайда тапсырғалы тұр, мен енді тентек болмаймын!..

ШАПЫҚ. Үнің өшсін, үнің өшкір!.. (Гүлнапыстың қолынан жұлып алады).

ГҮЛНАПЫС. (боздап). Күнім-ау, құлыным-ау, мені қайда тастап кеткелі тұрсың?..

ШАПЫҚ. Әттен, үкіметтің заңы жоқ, сендей есуастарға ақыл салатын орын болса, алдымен сол орынға сені тапсырар едім. Қалған жасымда қубас болып өтсем де, айтқаным айтқан. Бұған қай бір жүрек елжірер, қай бір жүрек сүйінер... Семьядағы бақытсыздық алдынды орап, туған балаңды өз қолыңмен ұстап беруге жеткізсе, өз айыбым, өз кінәм... Ки киіміді, сұм бала!

АНФИСА. Сабыр етіңіз, балалар колониясына тапсыру, ақыл, аяла таусылғанда істейтін шара ғой.

ШАПЫҚ. Әкесі мен төзгенде, сіз де төзіңіз.

АНФИСА. Өз үкіміңізді айттыңыз. Мектеп мұғалімдері де әке үкімінің әділдігіне қосылады. Сот кесімін шығартпай-ақ балаңды айыбын өтеп, адам қып шығаратын жерге тапсыруға бізге рұқсат етіңіз. Әрине, сізге қыйын. Өкініп, қынжыларсыз да... Осыншалық ауыр халге кіріптар еткен қыңырлық пен топастықтың шырмауы да...

ШАПЫҚ. (көңілі бұзылып). Сел тасқындай лас ойыңды тазартып өтсе бір сәрі, тұншықтырып өтті ме деп қорқам.

АНФИСА. Менімше, сілкіндіріп өткен болар.

ШАПЫҚ. Тауып айттыңыз. Мектеп бесігін көп тербеткен мұғалимасыз... Ақтық сырымды сізге ақтарайын... Өткен түні қалалық советтің сессиясында мектеп пен семья жайында баяндама қойылды. Халық сайлаған депутат, мен де сөз алып трибунаға шықтым... әр кімнің де баласы бар, менің де балам бар деген дәрменсіз үміт жұрт алдына шығарған

мен бетімдегі шіркеу тілімді буып, не айтарымды білмедім... залдағы депутаттың бірі? «Сен өз балаңды қашан тыясың» деп сұрау қойды... Барлық кірпік найзадай маған қадалды... Қадақ болған аурудай қалшыйып тұрып қалдым... «Жазаландар!» деуге дәрменім келді. Нанамысыз?.. (Милиционер, Мерхат, Гүлнапыстың бөлмесінен радиоприемникті алып шығады).

МИЛИЦИОНЕР. Сенен аанада-ақ шошынып едім. Ақтысын қайда жасаймыз?

АНФИСА. Ақтысын дирекцияның алдында, мектепте жасайсыз... алып жүріңіз баланы.

МИЛИЦИОНЕР. (Приемникті көтеріп). Кәне, балақай, менің алдыма түс те, жүре ғой. (Гүлнапыс қыймастықпен «құлыным, «күнтайым» деп егіле жылап соңынан ұмтылады, милиционер Маратты алып кетеді).

АНФИСА. Шапық Шынболатович, сау болыңыз! (кетеді. Ізін ала көрші әйел де шығады. Ішкі бөлмеден қолында жоғары оқу орнына жолдайтын өтініші бар Әйкен мен Назыкен, Доскен кіреді).

ӘЙКЕН. (Маратты алып кеткенін сезіп). Папа, дәл мұндай уақытқа біреудің басында болар, не болмас, адамды иіс тигендей есеңгіретіп кететін уақытқа ғой. Көзіндегі жасты көргенімде, туған анамды зарыға ойлағандағы көз жасым есіме түседі. Балалықпен елемегенім өз алдына. Жасыңды тый, папа. Мені жүре жетімдікке кіріптар еткенің де—өз айыбың. Маратты еңбек түзету лагеріне тапсырғаның да—өз айыбың. Онжылдықты бітіріп, мен екі сапарға бет алғалы тұрмын. Бірі—үміті кесілген, қол үзіп қалған анамды табу. Екіншісі—болашағыма жол ашып, оқу мен ғылымның шыңына қол сілтеу. Папа, көпті көрдің, сүйіп қосылған жарыңнан айырылып, балаларына жетімдіктің жапасын шеккізгендерді де көрдің. Айып әлде анадан, әлде әкеден, осы өз басында болған адасуды достарың мен кіші інілеріңе айтуыңа бола ма? Болса, жақсылап айтыңыз. Хикая, жыр қып айтыңыз. Жетпегенін біз айтайық. Сау бол, папа! Оң-солымызды бұдан гөрі жақсы таныған шағымда оралармын... Оған дейін қартаймаңыз...

ДОСКЕН. Сау болыңыз, Шапық аға.

НАЗЫКЕН. Сау болыңыз...

ШАПЫҚ. Адасқанның арты жол, алды соқпақ депті ғой... Сол соқпаққа сендер соғылмандар, балалар! Жолдарың болсын, құлындарым! (Әйкеннің маңдайынан сүйеді).

ШЫМЫЛДЫҚ. Соңы.



Көңілді демалыстың әңгімесі

...Қаланы қақ жарып өтетін Сталин көшесіндегі ең зәулім, сәулетті үйлердің бірі осы. Бүгін мұны қызықтап көрушілер де, әдейі арнап келушілер де көп. Жасөспірімдер мерекедегідей сәнді киінген. Мойындарына қызыл галстук таққан кішкене азаматтар әсем де әсерлі гүл шоғына ұқсап, көңілді күлкі, жайдары мінезбен шағын алаңнан өтіп жатыр. Шымкент қаласындағы Ленин атындағы № 8 орта мектептің ауласында бұл күндері осы көрініс қайталанып, өзгере жаңаланып отырады.

Мектеп! Жаңа оқу жылы! Енді екі күннен соң оқушы балалардың тамаша өмірі басталады. Олар туған мектептеріне сағына, асыға келеді. Жасөспірімдердің быйылғы пионерлер жазында көрген қызықтары сан алуан. Олар сол көңілді демалыстың белгілерін де осы мектепке ала келеді.

Міне, мынау астыңғы этаждағы сол жақтан санағанда төртінші терезеге көзінді салшы. Шалқасынан ашылған үлкен терезеден класс ішіндегі топ баланы байқауға болады. Бәрі де аса бір зейінмен, ықыласпен тындай қалыпты. Еміс-еміс естілген сөздер өткен пионерлер жазының әңгімесін аңғартады.

Құрметті оқушым, кәне, екеуміз бірге барып солардың әңгімесін тындайық. Сен еріншектік жасама, жақсыны білу, қызықты естудің өзі көңіліңді көтереді, ойынды өсіреді. Ал, келістік...

ЛАГЕРЬ КҮНДЕРІ ҰМТЫЛМАЙДЫ

Мұнда жыйналғандар жазғы демалыста, пионер лагерінде бір болған әр мектептің оқушылары. Олар өздерінің кластас достарын да осында ерте келіпті. Әңгіме қызу. Сөз сөйлеп тұрған Киров атындағы № 9 орта мектептің VII класс оқушысы Геннадий Дрогамиров.

— Мәселені дұрыс түсіну үшін, еңалдымен біз болған жердің жағдайымен таныстырып өтейін, — деді ол. — «Каменная балка» — пионер лагері, Шымкент қаласының шығысында 20 шақырым жерде.

...Түнгі жауыннан соңғы жазғы таң салқын, самал жел еседі. Осындай тамаша шақта біз автомашинаға мініп, лагерьге бет ал-



Рая Юрковская мен Дуся Кәрібаева өздері еккен бидайды карап жүр.
Суретті түсірген Р. Сибирцев.

ғанбыз. Әлден уақытта үлкен тас жолдан оңға бұрылып, кең сұрлеуге түстік. Машина төбенің басына келіп тоқтады.

— Ал, келдік, — деді лагерьдің аға пионер вожатыйы Антонина Григорьевна Шеломонова.

«Келдік» дегенге жан-жағымызға карап едік, төбешіктерден басқа ешнәрсе көзге түспеді. Біздің анырып тұрғанымызды байқап қалған Антонина Григорьевна сәл жымыйып күлді де, — оң жаққа жүріндер, — деді. Айтқандай, лагерь біз тұрған төбенің дәл бөктерінде, жан-жағы тоғаймен қоршалған, шұңқыр тәріздес сайға орналасқан екен.

Лагерь күндері осылай басталды. Пионер лагерінің жалпы жағдайын өздерің де білесіңдер. Менің айтайын дегенім, осы лагерь бізді неге үйретті және қалай демалдық деген сұраулар.

Лагерьде үлкен тәжірибе участогі бар. Онда: бидай, капуста, картоп өсіріледі. Дружина советінің ұйғаруы бойынша мына пионерлерге: Шолпан Таңатароваға, Виктор Пименевке, Марат Саженовқа және маған осы тәжірибе участогінде жұмыс істеу, өсімдіктердің дұрыс өсуін бақылау тапсырылды. Тәжірибе участогінде жұмыспен айналысу біздің көңілді дем алуымызға, пионер жазын жақсы өткізуімізге ешбір кедергі келтірген жоқ. Қайта ол шыныға түсуге, әр нәрседен хабар алуға көмектесті.

Бәрінен де бидайды айтсаңшы! Егер «Каменная балкаға» барып біздің участоктегі сол егінді көрсең еді, бейне бір толқынға ұқсайтын. Тәжірибе участогінде жүргенімізде егісті арам шөптерден арылтуға көп уақыт бөлдiк.

«Каменная балка» пионер лагері жолдан оқшау жерде болғандықтан мұнда радиоторабы немесе телефон қатынастары жоқ. Тек бір ғана радиоқабылдағыш бар. Осы радиоқабылдағышта Николай Карасев пен Виктор Батушев деген екі бала кезектесіп, радиодан берілген хабарларды лагерьге таратып отырады. Лагерь аспанын екі күндей бұлт басып, жауын-шашын болды. Кешкісін тамақ ішіп бола берген кезде Қоля Карасев жүгіріп отырып аға вожатый Антонина Григорьевнаға келді.

— Бүгін түнде суық жел соғады, жаңа радиомен хабарлады, — деді ол ентiге, демiн баса алмай.

Кешкі тамақ ішілген соң, дереу әр отрядтан ересек балалар іріктеп алынды. Олар тәжірибе участогінің жан-жағына отын үйіп, костер жақты. Бүкіл егістіктің айналасын жалын болып, тұтасқан түтін басты. Таң аппақ атқанға дейін костерлер шоғы өшкен жоқ. Сөйтіп, ұйымшылдықтың арқасында пионерлер тәжірибе участогіндегі әлсіз өсімдікті суықтан сақтап қалды.

Лагерьде біз көрген қызықтарды айта берсек тіптен таусылмайды. Әр күннің өз әңгімесі бар. Пионер лагерінде біз жақсы, көңілді демалумен бірге іске, өнерге де үйреніп қайттық.

САЙРАМҒА САЯҚАТ

Лагерь жалауы таңғы самал желмен толқындалып желбірей түседі. Арқаларында жол сумкалары бар балалар топ-тобымен ән шырқатып ақ шатырлардан ұзап барады.

Әлден уақытта көңілді жасөспірімдер терең сайға түсіп, ұзап та кетті...

№ 20 мектептің VI класс оқушысы Эстелла Лаврова өздерінің Сайрам ауданында жасаған саяқаттары туралы осылайша еске түсіре бастады.

Жол, аға вожатый Антонина Григорьевна ойлағандай, жеңіл бола қоймады. Балалар тасқыны күшті, бірақ жіңішке Сайрам-су өзеніне келді. Бұрын бұл маңда көпір болған көрінеді. Қазір құлаған көпірдің тек қана кейбір үйінді тастары, су шайып шіруге айналған ағаш қалдықтары жатыр.

Не істеу керек?

— Мен таптым! Қазір өтеміз...

Аға вожатый дауыс шыққан жаққа жалт қарап еді, пионер Николай Карасев тағы да «тыңдаңызшы» деп өтінді.

— Ал, айта ғой.

— Мына өзен жиегіндегі тоғайдан бөрене тауып аламыз да сонымен судан өтеміз.

Отряд вожатыйлары бұл ұсынысқа тегіс келісті. Ересек балалар бөрене іздеуге кетті де, қыздар гербарийлер мен коллекциялар жыйнады.

— Тома! Тома! Тез кел.

Галя мұндай жәндікті бұрын көрген жоқ сияқты. Шошынықырап қарайды.

— Бәле, бұл қара құрт қой, — деді Тома Қим келген бетте. Бұлар жаңағы қара құрттың үстіне ақ жібек торғын орамалды жаба қойды. Екі қыз «олжаларын» коллекциялар жәшігіне әкеліп салды. Басқа қыздар да өзен жиегінен көптеген өсімдіктердің түрлерін, әдемі тастар жыйнапты.

Бұл кезде балалар көпірді де жасап үлгерген. Үлкен екі бөренені қатарластыра өзен үстіне салыпты.

— Ал, өтеміз!

Балалар бірін-бірі сүйемелдеп, бәрі де аман-есен өзеннің ар жағына шықты. Саяқатшылар судың кесірінен біраз уақытты өткізіп алды.

Күн көтеріле пионерлер жырын шырқаған жас саяқатшылар Сайрам селосының шеткі көшелеріне жетті. Күн бұрын хабарланған мұндағы село пионерлері саяқатшыларды салтанаты түрде қарсы алды. Жасөспірімдер тез танысып кетті.

Тамақтан соң, саяқатшылар екіге бөлінді. Шағын бір топ футболшылар командасы осындағы Сайрам пионерлерінің командасымен футбол ойнауға қалды да, өзгелері селодағы № 14 балалар үйіне және ауыл-



Пионерлер Костер басында.

шаруашылық техникумының тәжірибе станциясына бет алды.

Тәжірибе станциясы кішігірім МТС-ке ұқсайды. Мұнда, балалар бұрын көрмеген, жаңа ауылшаруашылық машиналары көп екен.

Станция механизаторы Новиков саяқатшыларға көп әңгімелер айты. Міне, «СКГ-4» картоп отырғызғыш машина. Бұл 1952 жылдан бері колхоздар мен совхоздардың егістік даласында жұмыс істеуде.

— Ал, мынау үлкен машина не? — деді V класс оқушысы Галя Васильева.

— Бұл ма, бұл — картоп жыйнайтын «ККР-2» машинасы. Мұны жақында ғана алдық. Бұған дейін картоп жыйнау ісі қолмен жүргізіліп, едәуір еңбек күшін керек ететін. Қазір бәрін де механизм атқарады. «ККР-2» машинасы картопты жыйнап қана қоймай, оны шөп, саломдардан арылтып, сортқа бөледі.

Балалар механизатормен бірге жүріп, бұлардан басқа жаңа трактор түрлерін де көрді.

Түс ауа саяқатшылар қайта жолға шық-

ты. Селодан бес шақырым жерге дейін сайрамдықтар шығарып салды. Қайтар сапарында балалар жібек құртын өсіретін «Лапшина» колхозы арқылы жүрді. Мұнда да саяқатшылар гербарийлер мен коллекцияларды тағы да молайтты.

Сайрам саяқаты жөнінде көп қызықты жайларды айтуға болады. Жол бойы Лена Бессонова түсіп кеткен шұңқырдан археологиялық тастар мен заттардың қалдықтары қазылып алынғаны өз алдына жеке бір әңгіме болатын оқыйға. Осы қызықты, көңілді саяқат жөнінде кейінде болған лагерь костерінде ұзақ әңгімеленді, дружина күнделігіне жазылды.

Эстелла Лаврованың бұл әңгімесі тындаушы балаларды қатты сүйсіндірді. Мұнан соң Шымкенттегі қалалық пионер лагерінде болғандар сөйледі. Сөз бітіп, тындаушы балалармен бірге біз де быйылғы пионер жазында көңілді дем алған бұл әңгімешілерге риза болдық.

Н. Шакенов.

Шымкент.



Н. А. Островский

(Туғанына 50 жыл)

Талантты жазушы, қажырлы күрескер Николай Алексеевич Островскийдің өмірі мен еңбегі қарапайым адамнан өсіп, шыныққан жалынды коммунистің зор тұлғасын көрсетеді. Оның «Құрыш қалай шынықты» романы — коммунист Островскиймен бірге, жалпы совет адамдарының құрыштай шынығу процесін суреттейтін еңбек.

Островский 14 жасынан бастап жас совет республикасының жауларына қарсы тұрды. Ол 1918 жылы Украина жерін ақтардан тазартуда қажырлы күрес жүргізіп жатқан совет жауынгерлеріне оқ тасушы болып қызмет жасады. Островский 1919 жылы комсомол қатарына алынды, ол Украина жеріндегі комсомол қатарына тұңғыш кіргендердің бірі еді. 1924 жылы Островский большевиктер партиясының мүшесі деген ардақты атқа ие болды. 1920 жылдың күзінде Островский ауыр жараланғандықтан совет солдаттың қатарынан босатылды. Сәл жазыла бастаған соң-ақ ол елді қалпына келтіру жұмысына қайта араласты. Бірақ айықбаған ауыр науқас оны тағы да қайнаған еңбек өмірінен бөліп кетті. 1928 жылы Островский мүлдем мүгедек болды. Екі көзінен айрылды. Сөйтіп, талантты жас, тамаша өмірге қатқабат араласу мүмкіндігінен айрылды, төсек тартып жатып қалды. Аурудың басқа түскен ауыр зілі коммунист Островскийдің жалынды жігерін жасыта алмады. Ол өмір сүру үшін аянбай күрес жүргізді. Островский бір жолдасына жазған хатында: «Міне, менің өмір үшін күресіп келе жатқанымға үш жыл болып барады. Егер менің бойымда ақырғы мүмкін-

дікке дейін күресу заңы аса тұрақты қалыптаспаған болса, мен баяғыда өзімді өзім атып өлтірген болар едім... Біздің барлығымыз да, мен сияқты, өмірді шексіз сүйетін, сәулетті жаңа дүниені құру үшін күресетін, өмірді айқын танып алатын, ақырғы үмітке дейін ұмтылатын адамдармыз», — деп жазған. Островскийдің бұл сөзі бүкіл совет азаматтарына тән асыл қасиеттерді өз бойынан көрсете білгендігі. Ол «Өз партияма, өз табыма пайдалы адам бола алсам, еліміздегі ұлы өзгерістерде азаматтық борышымды өтеген болар едім» деді.

Островский «Құрыш қалай шынықты» деген тамаша романын, көзі көрмегендіктен қалың қағазға орнатылған түрлі сызықтар арқылы қолымен қармалап жазды. Жазғанын оның өзі оқуға мүмкіндігі болмалы. Естегісін өте ұмытпайтындығы арқасында ғана Островскийдің еңбегі жемісті болды. Романның соңғы жағын Островский өзінің жанындағы қатшысына айтып отырып жаздырды. Роман 1932 жылы аяқталып баспаға Москвада басылды. Романның жарыққа шығуы Островскийдің зор қиындықты жеңіп, тамаша табысқа жеткендігін білдірді. Островский өзін өмірге қайта келген адам деп танып, жігерлене түсті. Осы кезде ол: «Өмір есігі менің алдымнан тағы да кеңінен ашылды. Күресте белсенді қайраткер болу туралы менің өршіл арманым орындалды... Менің өмірім кәзір қуанышқа толы. Алға баса берейік! Еңбекке ұмтылайық! Табыстарға жете беру үшін күресейік! Менің қолымды

қыса түсіндер, жолдастар! Менің жеңісім — Сіздердің жеңістерін!» — деп жазды.

Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы жаңа тақырыпқа жазылған совет әдебиетіндегі алғашқы елеулі шығармалардың бірі. Роман совет өмірінің шындығын бейнелейді. Жазушы өмірге асқақ сезіммен қарайды, совет адамдарының жеңімпаз күшін, алып күресін көрсетеді.

Романның басты кейіпкері—Павел Корчагин жеке мүддеден қоғамдық мүддені жоғары санайды. Ол өзінің әр бір ісін қоғамға қаншалықты пайда келтіргендігімен өлшейді. Оның ісі де, арманы да советтік құрылысты нығайта, көркейте түсуге бағытталған. Азамат соғысының солдаты, бейбіт өмірде еңбектенуші Корчагин совет өкіметінің келешегінен тамаша үміт күтеді, өзін миллиондаған еңбек адамдарының — жаңа өмірді құрушылардың бірі деп санайды. Ол өмірінің әр минутын сапалы, ұқыпты өткізу үшін талаптанады. «Адамға ең қымбат— өмір. Ол адамға бір рет-ақ беріледі, сондықтан оны пайдалана білу керек... Адам өліп бара жатып өзіне өзі: барлық күш, барлық өмірімізді дүниедегі ең қасиетті іс — адамзатты азат ету күресіне жұмсадым деп айта алуы керек. Сондықтан өмір үшін күресу қажет,— деп ойлайды Корчагин. Ол бақытсыздыққа ұшырап, екі көзінен айрылғанда да өзін-өзі өмірден шеттетпеуге ұмтылды, халық үшін әлі де талай істер істеуге мүмкіндіктер іздеді. Өзін әр уақытта коммунист деп санау Корчагинді үнемі жеңіске жеткізіп, қуанышқа бөледі. Ол кейін өз басындағы бақытсыздықты ұмытып, совет халқымен бірге бақытты екенін сезінді, өзін миллиондаған қуанышты адамдардың бірі деп таныйды.

Корчагин образы өмірдегі қиыншылықтарды жеңе алатын, саналы азамат дәрежесінде болып шыққан. Оның әрбір қуаныш сезімі өзі қатынасқан ұлы күрестердің түпкі сырын толық түсінумен ұштасып жатыр. Ұлы мақсат Корчагинді ұлы істерге ұмтылта түседі және бақыт сезіміне бөлейді. Жазушы Корчагинді нағыз типтік образ етіп шығарған. Оның ісі, өршіл талабы, өмірді шексіз сүйшілігі, Отанға берілгендігі бүкіл совет адамдарының озық қасиеттерін бейнелейді.

Корчагин образы Островскийдің өз өмірінен алынып жасалған. Корчагин ісімен де, өмір жолымен де, көбінесе, жазушының өз басында болған жағдайларды қамтыйды. Алайда, осыған қарап, оны Островскийдің жалаң өз бейнесінің көшірмесі деп қарауға болмайды. Бұл жөнінде жазушының өзі де толық түсініктеме берген болатын. Романды «...тек документ деп санауға болмайды, атап айтқанда, ол комсомол Островскийдің өмірбаяны ғана емес, шын мәніндегі роман»,— дейді Островский. Жазушы Корчагин образын жасауда жалпы совет жастарына тән ерекшеліктерді жақсы талдап ала білген.

Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы советтік искусствоның алғашқы зор табыстарының бірі. Жазушы бұл романымен жас совет әдебиетінің өркендеуіне зор үлес қосты. Роман автордың озық идеядағы пролетариат жазушысы екендігін дәлелдеді. Жазушы бұл еңбегінде социалистік реализм әдісін толық меңгергендігін көрсетті, әдебиеттің партиялық принципін дамыта түсі. Роман Островскийдің өз тұсында да ерекше бағаланады. Әдебиет майданындағы елеулі еңбегі үшін совет үкіметі Островскийді 1935 жылы Ленин орденімен наградтады.

Романдағы Корчагин образы совет әдебиетінде тұңғыш рет шын мағнасында жасалған жағымды

образдардың бірі. Оның есімі әдебиетіміздегі Чапаев, Левинсон, Глев Чумалов, Давыдов, Тутаринов, Олег Кошевой т. б. есімдерімен қатар аталады. Ол осы кезге дейін бүкіл дүние жүзі жастарына үлгі болып келеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында советтің жас жауынгерлері өздерін «корчагиншілдерміз» деп санады, романды өздерінің қойын дәптерімен бірге сақтады. Романның соғыстың басынан аяғына дейін совет солдаттарының қолында жүрген бірнеше даналары қазір жазушының музейінде сақтаулы. Старшина Куропятников ауыр жараланып, бір қолынан айрылғанда да, романды өз бойында сақтап, тылға алып шыққан. Краснодардық жастар бұл романды аса қажетті құрал ретінде пайдаланды, олар Корчагинді өздерінің ең жақын досы, ақылшысы деп таныды, оның өмірі мен ісінен зор сабақ алып отырды. Сөйтіп, Корчагин образы совет жастарының талай ұрпақтарын тәрбиелеп келеді. Оның келешегі әлі де зор.

«Құрыш қалай шынықты» романы Советтер Одағында 46 тілге аударылып, 188 рет басылып шығарылды, ал шетелдерде 1941 жылдан 1947 жылға дейін 23 тілде 53 рет басылды. Бұл жағдай романның дүние жүзі оқушылары алдында айрықша бағалылығын көрсетеді.

Островскийдің «Дауылдан туғандар» романы — аяқталмай қалған шығарма. Мезгілсіз ажал жаңа романды бітіруге мүмкіндік бермеді. Жазушы бұл шығармасында да социалистік құрылыстың жаңа адамының бейнесін көрсетуге талаптанды, сондай-ақ, алғашқы романында жетімсіз суреттелген совет жауларының образын толықтыра түсуді ойлады. Романның аяқталған бөлімдері жазушының алдына қойған мақсаттарын орындай алғанын дәлелдейді.

Островский бейбітшілік өмірдің жаршысы болды. Ол өзінің жастар арасында сөйлеген сөздерінде совет халықтарының бейбіт өмір үшін күрес жүргізуін советтік құрылыстың аса озық қасиеттерінің бірі деп көрсетеді. Жазушы партия мен үкімет шақырып отырған творчестволық еңбектің тек бейбіт өмірде ғана толық жүзеге асатындығын түсіндірді. Біз бейбітшілікті қорғаймыз,— дейді Островский.— Өйткені еліміздің көркейе түсуі үшін, біздің барлығымыздың да сауаттанып, мәдениетіміздің өркендей түсуі үшін бейбітшілік бізге өте қажет».

Островскийдің тамаша шығармалары күннен-күнге кеңінен тарап, өзінің сүйікті оқушыларын көбейте түсіп келеді. Демократиялық елдердің жастары Островский мен Корчагинді өздерінің ең жақын достары деп тануда, олар арқылы совет адамдарының өмірімен танысып, үлгі алып келеді.

Островский қалдырған мәдени мұра — жазушының есімін алдыңғы қатарлы жастардың жүрегінде мәңгі сақтайтын аса бағалы еңбектер. Ақын К. Симоновтың Островскийге арнап жазған «Жеңімпаз» поэмасы жазушының зор тұлғасын көрсетумен бірге, совет жастарының Островскийді ерекше сүйетіндігінің де айғағы болып саналады. Н. А. Островский 1936 жылы 32 жасында қайтыс болды. Совет өкіметін орнатуға белсене араласқан, оның гүлдене түсуі үшін жан аямай еңбек еткен тамаша азаматты мезгілсіз қаза совет жастарының арасынан ерте айырды. Алайда, Островский аз өмірінде өзінің жас достарының мәңгі есінде сақталарлық мұра қалдырып кетті. Островскийдің өмірінен совет жастары өз Отанын шексіз сүйген патриот ұлды көреді, одан сабақ алады.

Ә. Дербисалин.

Серуен

ӘЛІН БІЛМЕГЕН ӘЛЕК

Міне,
Ваня мен няня.
Серуендейді
няня мен Ваня.
Мынау үйлер,
көшеде жүргендер,
Олар біреуге ұқсайды демендер.
Мынау қызыл әскер
будкасы кәдімгі.
Оның қолында
бар қаруы.
Олар батыр.
Ісі ұлы —
Қорғайды
үлкенді,
кішіні.
Мынау —
Москвалық совет.
Бұған
тәңсәріден
ағайлар келед.
Отырады ағай,
Қағазды қарай.
Қамқорлық жасайды
ағалар
Бақытты
болуы үшін
балалар.
Мысық —
Қызық.
Алты рет
Аяғымен
жуады бет.
Тазалықты
сүйген сон
мысық,
Қарайды жұрт
мейірімі түсіп.
Мынау
күшік
кір басқан,
Бас-аяғы
баттасқан.
Ит
әртүрлі болады.
Мынау —
насы,
жаманы.
Мынау —
шіркеу,
құдайлық храм,
Ертемен
кемпірлер
келеді бұған.
Сурет жасапты,
оны «құдай» депті,
Сол құдайдан
жәрдем тілепті.
Мұнша ақылсыз болар ма —
Сурет
жәрдем бермейді оларға.
Комсомолецтер — мына үйде.

Олар ақылды:
шоқынбайды мүлде
Ержеткенде,
мұрт шыққанда сендер,
Өздерің еңбек етіндер,
Құдайға сенбендер.
Мынау — буржуй.
Қарашы қандай іші.
Жеу мен сайрандау —
оның ісі.
Май басқан —
доптай тырсылдаған.
Дейді
еңбек етсін
біреу маған.
Ешнәрсе келмейді
қолынан.
Торғай да ақылды
соныңнан.
Мынау —
жұмысшы.
Ол —
еңбекке құштар, құрлысшы.
Дүниедегінің бәрін
жасаған сол
Ержеткенде —
сен де сондай бол.
Ат,
арба,
мужиктің — күні бір.
Құрметтей біл
мужикті бұл.
Сен
күнде жейсің
ақ нанды,
Ал мужик
ол
үшін
егін салды.
Анау
әйелді қарашы —
Біреудің анасы
Қол қусырып
отырады,
Бетін опаға толтырады.
Ол — бір кесір, тек жатады.
Өсекті
қарша
боратады.
Ал няня еңбек етеді —
бала бағады.
Балалар
няняның
тынышын да алады.
Менің нянямнің
орамалы сыйсадан.
Көрсет
құрмет
сый
соған.

1925

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.


Жүгіре тысқа жөнелді
Үйде отырған жас Әлім.
Қабышты жолдан бөгеді
Сынамақ болып өз әлін.
Қайта-қайта аяқтан
Қағып-қағып қоймады,
Өнері ме бұл тапқан,
Осылайша ойнады.
«Қой, кешігем мектептен»
Дегенді де ұқпады,
Әлегімен бос еткен
Қабышты бір де жықпады.
Елең қылмай Қабыш та
Жүре берді өзінше,
Түспесе де алысқа,
Құлады Әлім көзінше.
Әлін білмей әлек боп,
Әлім мұрнын қанатты,
Сырласыңдар құран топ,
Әлім бұдан не тапты?

АТАЙМЫЗ БА КЕШЕ
ДЕП?

Оқымайды сабағын,
— Туған жоқ, — деп, — әлі май.
Ішеді де тамағын,
Ойын құған Жауынбай.
Мектебінен қалмайды,
Қайта ерте барады.
«Екілікті» алмайды,
Шымқай «үштік» алады.
«Төрт» пен «бесті» есіне
Салмайды да, сүймейді.
Көп қыйналсын несіне,
Үш те «алға» сүйрейді.
Ұмытып ол өткенді,
Ойынға мол батады.
Өтіп ерте кеткенді
Несін ойлап жатады!
Тапсырманы көшіріп
Алуға да шебер-ақ.
Көшірген соң есіріп
Жауаптарын берер-ақ.
Оқымайды сабағын.
— Туған жоқ, — деп, — әлі май.
Бір шытпайды қабағын,
«Үштіктер» көп, көңіл жәй.
Майға дейін Жауынбай
Аяғын жәй басады.
Май таяса, балақай
Терлеп-тепшіп сасады.
Тамақ, ойын қалады
Шеттеу одан ығысып.
Емтиханда алады
Өңкей үшті тырысып.
Бүйте берсе Жауынбай
Қандай адам болады?
Жауынбайға япырай,
Қашан ақыл қонады?..

Қабыл Боранбаев,

Қарағанды.



Жауаптар

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1954 жылғы 5-номерінде басылған анаграмманың, шахмат есебінің, кроссвордтың шешулері:

«АНАГРАММА»

1. Хат. 2. Ат.

«ШАХМАТ»

1. Л. g 6

«КРОССВОРД»

Көлденеңінен оқығанда:

6. Суворов. 7. Кит. 8. Молотов. 13. Корея. 14. Миссури. 15. Жапон. 20. Ломоносов. 21. Котовский. 29. Ешкі. 30. Жапония. 31. Лагос. 34. Калинин. 35. Рим. 36. Мичурин.

Тігінен оқығанда:

1. Кутузов. 2. Токио. 3. Микроскоп. 4. Поэма. 5. Кошевой. 9. Днепр. 10. Афины. 11. Карта. 12. Прага. 16. Синоним. 17. «Обломов» 18. Қол. 19. Фин. 22. Метонимия. 23. Пекин. 24. Гаага. 25. Трико. 26. Луара. 27. Генерал. 28. Комедия. 32. Химия. 33. Париж.

* * *

«Пионер» журналының 1954 жылғы 6-номерінде басылған шахмат есебінің, чайнвордтың, ребустың, «Жеті батырдың», жұмбақтың шешуі.

«ШАХМАТ»

1. Cg 4 қауіп төндіреді. 2. Cf 5.

«ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЧАИНВОРД»

1. Қатет. 2. Транспортир. 3. Ромб. 4. Биссектриса. 5. Айқын. 6. Шарт. 7. Тұтас. 8. Секунд. 9. Диаметр. 10. Радиус. 11. Сегмент.

«РЕБУС»

«Алға барсаң, ойлап бар, Қайтарыңды есіңе ал».

«ЖЕТІ БАТЫР»

Донской, Кошевой, Котовский, Суворов, Матросов, Кутузов, Щорс.

«ЖҰМБАҚ»

Қақпан.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Т. Сарыбаев (Ақтөбе облысы), Ш. Тоқтабаев (Алматы облысы), И. Аханов (Қызылорда), Ш. Алходжаев (Жамбыл облысы), Н. Жанқоразов (Жамбыл облысы), Ғ. Дүйсенғалиев (Жалғыз төбе), Е. Дауылбаева (Қарағанды).


УАҚЫТЫҢДА



ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КРОССВОРД

Көлденеңінен оқығанда:

1. Географиялық термин. 3. Одақтық республика. 5. Атлант мұхитындағы аралдар. 7. Одақтық республика астанасы. 9. Жерорта теңізіндегі порт. 10. Атлант мұхитындағы арал. 13. Жерорта теңізіндегі арал. 15. Висланың саласы. 16. Батыс Европадағы көмір бассейні. 17. Урал бойындағы қала. 19. Кіші Азиядағы өзен. 21. Мемлекет астанасы. 23. Москва түбіндегі қала. 24. Қырымдағы курорт. 27. Мемлекет астанасы. 28. Африкадағы өзен.



Тігінен оқығанда:

1. Волганың саласы. 2. Азиядағы өзен. 3. ССРО-дағы теңіз. 4. ССРО-дағы түбек. 5. Қазақстандағы қала. 6. Қара теңізге құятын өзен. 8. Одақтас республика. 10. Жаңа Зеландиядағы тау. 11. Африкадағы көл. 12. Австриядағы өзен. 14. Индиядағы шөл дала. 18. Балтық теңізіндегі қолтық. 20. Қазақстандағы тау. 22. Калинин облысындағы қала. 25. Обьтың саласы. 26. ССРО-дағы тау.

Құрастырған С. Құлғаева.

Мұқабаның бірінші бетінде Н. Лебедевтің «I-класста», төртінші бетінде «Овощ жыйнау» атты суреттері.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы. | Техникалық редактор И. Перлов. г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 17/VIII-54 г. УГ09718. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум 2,46 т. л. Тираж 15400.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

